



САЙЛАЙТЫНДАР ДА, САЙЛАНАТЫНДАР ДА САҚАДАЙ САЙ

Сарқылмасын Сыр - Ана!



№33
(1840)
20 тамыз
2026 жыл
Бейсенбі

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТӘУЕЛСІЗ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

WWW.Qaa.kz

qaa.kz

Ақжол Ақшамы Газеті

Үкімет пен әкім

ЖАҢА ОҚУ ЖЫЛЫ ЖАҢАЛЫҒЫ КӨП

Осы сейсенбідегі Үкімет жиынында Үкімет басшысы О.Бектеновтың төрағалығымен жаңа оқу жылына дайындық барысы қаралды.

Жиында баяндама жасаған Оқу-ағарту Министрі Ж.Сүлейменованың мәліметінше жаңа оқу жылынан бастап білім беру мазмұны бірқатар жаңа міндетті оқу курстарымен толықтырылады. 5-7-сынып оқушылары үшін «Конституция негіздері» пәні, 8-11-сыныптарда «Заң мен тәртіп» міндетті оқу курсы енгізіледі. Сонымен бірге 5-11-сынып оқушылары үшін «Жеке қауіпсіздік» міндетті оқу курсы енгізіледі. Бұған дейін таңдау пәні ретінде оқытылып келген «Құқық негіздері» курсы барлық оқушылар үшін міндетті пәнге айналды және мазмұны Жаңа Конституция қағидадарына сәйкестендірілді.

Сондай-ақ үлгілік оқу жоспарларының құрылымы оңтайландырылды. Оқушылардың барлық оқу пәндеріне толық қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында қысқартылған үлгілік оқу жоспарлары алынып тасталды. Бастауыш сыныптарда бағалау тәсілдері жаңартылды. Атап айтқанда, бөлім бойынша жиынтық бағалау (БЖБ) және тоқсан бойынша жиынтық бағалау (ТЖБ) алынып тасталды. Күнделікті (калыптастырушы) бағалаудың рөлі күшейтілді. Диктанттар, мазмұндама, шығарма, жобалар, ауызша және практикалық жұмыстар секілді бағалау әдістерін мұғалім өзі таңдап, аралық бақылау формасы ретінде жүзеге асыратын болады. Биыл алғаш рет QazTech платформасында Бірыңғай «ОҚУ» платформасы аясында «1-сыныпқа қабылдау» кезең-кезеңімен жүзеге асырылды. 1-сыныпқа құжаттарды қабылдау Оқу-ағарту министрлігі мен Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігінің бірлескен бұйрығы негізінде пилоттық жоба шеңберінде жүзеге асырылды. Өтініштердің 88,7%-дан астамы электрондық форматта қабылданды. Бұл ата-аналарға білім беру ұйымдарына бармай-ақ, барлық қажетті рәсімдерді онлайн режимде жүзеге асырып, уақытты үнемдеуге мүмкіндік береді.

Сондай-ақ 2026 жылғы 1 қыркүйектен бастап Павлодар және Қызылорда облыстарындағы 10 шағын жинақты мектепте жасанды интеллект технологияларын қолдана отырып қала мен ауыл мектептері арасындағы білім сапасының алшақтығын азайту мақсатында пилоттық жоба іске қосылады. Жалпы, пилоттық кезеңде жоба 500 шағын жинақты мектепті қамтиды. Жоба 2029 жылға дейін барлық 2 600 шағын жинақты мектепке кеңейтіледі.

Алғаш рет 2030 жылға дейін «Қазақстан балалары» тұжырымдамасы қабылданып, балаларға көрсетілетін мемлекеттік қолдаудың барлық шаралары бірыңғай жүйеге біріктірілді. Тұжырымдаманы жүзеге асыру үшін 10 индикатор және 158 іс-шара көзделген. 1 қыркүйектен бастап балалардың әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын қалыптастыруға және өмірлік тұрақтылығын дамытуға негізделген «Жеке қауіпсіздік» курсы енгізіледі. Сонымен бірге бірыңғай цифрлық мемлекеттік диагностикалық платформа енгізіледі. Ол балалардың жағдайын жүйелі түрде бақылауға, тестілеуге формалды көзқарасты болдырмауға және Ұлттық білім беру деректер қорын трансформациялау шеңберінде баланы үздіксіз сүйемелдеуді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Жасанды интеллект және цифрлық даму бірінші вице-министрі Ростислав Коняшкиннің айтуынша - Биылдан бастап мектептердің тамақтану қызметтеріне ақы төлеу тек «Әлеуметтік әмиян» цифрлық жүйесінің расталған деректері негізінде жүргізіледі.

- «Бүгінде мектептердің 92 % -ы жоғары жылдамдықты интернетке қосылған. Қазірдің өзінде 1 276 мектепте интернет жылдамдығы 100 Мбит/с-тен жоғары. 2027 жылға қарай олардың санын 3 222-ге, ал орташа жылдамдықты 90 Мбит/с-ке жеткізуді жоспарлап отырмыз. Біздің міндетіміз – барлық мектепті тұрақты интернетпен қамтамасыз ету және балалардың цифрлық білім беру ресурстарына тең қолжетімділігін қамтамасыз ету. 2027 жылы жоғары жылдамдықты интернетке қосылған мектептердің үлесін 100 пайызға, яғни 8 мың мектепке жеткізуді жоспарлап отырмыз. Сонымен қатар заманауи қосылу технологияларына көшуді жалғастырамыз.

2025–2026 оқу жылында «Әлеуметтік әмиян» ақпараттық жүйесі арқылы 149 млн. тегін ыстық тамақ берілді. 1,6 млн. цифрлық ваучер берілді. Биылдан бастап мектептердің тамақтану қызметтеріне ақы төлеу тек расталған деректер негізінде жүргізіледі. Бірінші қыркүйекке дейін тиісті тізімдерді қалыптастырып, дайындық жұмыстарын қамтамасыз ету қажет. Дайындықты 4 өңір растады. Олар Маңғыстау, Павлодар, Шығыс Қазақстан және Жетісу облыстары. Барлық өңірлердің жұмысты бірдей қарқында жүргізуі маңызды. Тағы бір бағыт – білім беру саласындағы мемлекеттік қызметтер. Бүгінде 61 мемлекеттік қызмет көрсетіледі. Оның 44-і онлайн қолжетімді. 2025–2026 оқу жылында білім беру саласындағы мемлекеттік қызметтердің 72%-ы электрондық форматта көрсетілді. Ең көп сұранысқа ие қызметтер – балабақша кезегіне қою, құжаттарды қабылдау және балаларды білім беру ұйымдарына қабылдау», — дейді Жасанды интеллект және цифрлық даму бірінші вице-министрі Ростислав Коняшкин.

Қызылорда облысының әкімі М.Ерғешбаев:

ЕНДІГІ МАҚСАТ – ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН АРТТУРУҒА БАҒЫТТАЛҒАН ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУ ЖҰМЫСТАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ

Үкімет басшысы Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында жаңа оқу жылына дайындық мәселелері қаралды. Оған облыс әкімі Мұрат Ерғешбаев селекторлық режим арқылы қатысты.

Үкімет отырысынан кейінгі облыс әкімдігі мәжілісінде басты назарда болуы тиіс мәселелер жан-жақты талқыланды.

- «Санаулы күннен кейін жаңа оқу жылы басталады. Барлық қажетті шараларды қабылдап, дайындық жұмыстарын жүйелі жүргізуіміз қажет. Қазіргі уақытта 31 мектепте ағымдағы жөндеу жүріп жатыр. Қала және аудан әкімдіктері, 20 тамызға дейін білім беру ұйымдарының дайындығын толық қамтамасыз етіп, жөндеу жұмыстарын тез арада аяқтаңыздар.

Жаңа оқу жылындағы өзекті мәселелердің бірі – оқулықтармен, оқу-әдістемелік құралдармен қамту. Бұл жұмыстар да сапалы ұйымдастырылып, оқулықтарға қатысты шағым түспеуі қажет. Тағы бір маңызды міндет – балаларымыздың мектепке дайындығы. Өздеріңіз білетіндей, жыл сайын «Мектепке жол» акциясы ұйымдастырылады. Мемлекеттік мектептерде білім алатын, бірақ тиісті көмекпен қамтылмай қалған көпбалалы, тұрмысы төмен отбасы балаларына қажетті көмек көрсетілуі тиіс.

Ал жеке мектептерде оқытқан көмекке мұқтаж оқушылардың мәселелерін демеушілер есебінен шешуіміз қажет.

Сондай-ақ жаңа оқу жылы қарсаңында базарлардағы, сауда орындарындағы оқу құралдары, мектеп формасы бағасының негізсіз өсуіне жол бермеу керек. Жергілікті кәсіпкерлердің жәрмеңкелерін тұрақты өткізіп, оқу құралдарының жөнілдікпен сатылуын ұйымдастырыңыздар», - деді Мұрат Нәлқожаұлы.

Аймақта 651 мектепке дейінгі ұйым, 327 мектеп, 28 колледж бар. Жаңа оқу жылында 1-11 сынып оқушыларының саны 190 мыңнан асады. Ал биыл бірінші сыныпқа 17 700 бала қабылданады. Құжат қабылдау осы жылдың 31 тамызына дейін жалғасады. Өңірдегі 63 қосымша білім беру ұйымында 70 мыңға жуық оқушы қамтылған. Жақында пайдалануға берілген «АІ-Kerim» оқу-сауықтыру орталығы мен Ботаникалық бак жыл бойы жұмыс істейді.

Жылында білім беру ұйымдарындағы қауіпсіздік талаптарын сақтау мәселесі де қаралды. Облыс әкімі бейнебақылау камераларын Жедел әрекет ету орталығына толық қосу, санитарлық, өрт қауіпсіздігі талаптарының сақталуын тексеру және жол-көлік оқиғаларының алдын алу бойынша нақты тапсырмалар берді.

- «Оқушылардың қауіпсіздігі үшін мектеп маңында жол полициясы инспекторларының күнделікті кезекшілігін ұйымдастырыңыздар. Әсіресе, оқушы саны мен көлік қозғалысы көп мектептер аумағындағы қауіпсіздікті күшейту қажет. Жаяу жүргіншілер жолы, жол белгілеріне қатысты кемшіліктер бар. Қала, аудан әкімдіктері 25 тамызға дейін аталған кемшіліктерді тез арада ретке келтіріңіздер. Кейінгі үш жылда білім беру ұйымдарын инженерлік, техникалық жабдықтармен жарақтауға жергілікті бюджеттен тиісті қаржы бөлінді. Балаларымызға қауіпсіз, қолайлы орта қалыптасып, бейнебақылау камералары, турникеттер орнатылды.

Ендігі мақсат – оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттыруға бағытталған құқықтық тәрбие беру жұмыстарын ұйымдастыру», - деді облыс әкімі.

Жиында облыстық білім басқармасының басшысы Асқарбек Есжанов баяндама жасап, жаңа оқу жылына дайындық барысы туралы айтты. Мәжілісте суға шомылу маусымындағы қауіпсіздік шаралары, алдағы жылу беру маусымына дайындық жайы да талқыланып, қала, аудан әкімдері мен жауапты сала басшыларына тиісті тапсырмалар жүктелді.

Құрылтай депутаттарын сайлау қарсаңында Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Қазақстанның стратегиялық зерттеулер институты 2026 жылғы 13 маусым мен 17 тамыз аралығында DATAMetrics (ҚСЗИ тапсырысы бойынша), Қазақстандық қоғамдық даму институты (ҚҚДИ), Еуразиялық интеграция институты, Демократия институты және Қоғамдық саяси институты жүргізген жеті әлеуметтанулық зерттеудің деректерін талдады.

Салыстырмалы талдауға сәйкес Қазақстанда сайлау науқаны барысында азаматтардың дауыс беруге дайындығы тұрақты түрде жоғары деңгейде сақталып отыр. Сонымен қатар ең таңдауын әлі айқындамаған сайлаушылар саны азайып, партиялық таңдаулардың көрінісі барған сайын айқындала түсуде.

Барлық жеті зерттеуде, олардың жүргізілу мерзімі, әдіснамасы және іріктеу көлемі бойынша айырмашылықтарына қарамастан, азаматтардың дауыс беруге дайындық деңгейінің көрсеткіштері бір-біріне ұқсас.

DATAMetrics нәтижелеріне сәйкес респонденттердің 75,6%-ы сайлауға қатысуға ниетті екенін білдірген. Ал, Еуразиялық интеграция институтының екі зерттеуінде бұл көрсеткіш 72,1 және 73,2%-ды, ҚҚДИ зерттеулерінде 75,1% және 70,3%-ды, Қоғамдық саяси институтының зерттеуінде 72,3%-ды, сондай-ақ Демократия институтының зерттеуінде 73,1%-ды құрады.

Осылайша, электоралды белсенділік көрсеткіштері 70,3% және 75,6% аралығында болып отыр. Ең төменгі және ең жоғары көрсеткіштер арасындағы айырмашылық небәрі 5,3 пайыздық тармақты құрайды. Бұл тұрақты үрдіс сауалнамаға қатысқандардың шамамен оннан жетіуі немесе одан да көп бөлігі науқан барысында сайлау учаскелеріне баруға ниетті екенін мәлімдегенін көрсетеді.

Сонымен қатар әлеуметтік-демографиялық көрсеткіштер аға буын өкілдері арасында электоралды белсенділіктің жоғары екенін көрсетті. ҚҚДИ мәліметтеріне сәйкес, аға буын өкілдері арасында бұл көрсеткіш 80,7%-ды құраса, жастар арасында 69,4%-ды құрайды. Дауыс беруге дайындық, жоғары білімді азаматтар арасында да жоғары.

Соңғы екі айдағы көзге түскен үдерістердің бірі – дауыс беретін партиясына әлі таңдау жасамаған сайлаушылар санының азаюы.

Қазақстан азаматтарының басым көпшілігі Құрылтай сайлауында дауыс беруге дайын

Жаңа сауалнама респонденттердің 70,3 пайызы «Әділет» партиясына дауыс беруге дайын екенін көрсетті.

Демократия институты жүргізген әлеуметтанулық зерттеу нәтижелері биылғы Құрылтай депутаттарының сайлауында қазақстандықтардың дауыс беру деңгейі айтарлықтай жоғары болады деген болжамға негіз болып отыр. Институт сауалнаманы 20 шілде мен 6 тамыз аралығында жүргізді.

«Егер Құрылтайға (Парламентке) сайлау келесі жексенбіде өтсе, Сіз дауыс беруге барар ма едіңіз?» деген сұраққа сауалнамаға қатысқандардың 73,1%-ы сайлауда дауыс беруге ниетті екенін білдірді. Басқаша айтқанда, респонденттердің төрттен үшеуі Құрылтай депутаттарының сайлауына қатысуға ниетті.

Зерттеу барысында респонденттердің электоралдық таңдаулары да зерделенді. Сауалнама қатысушыларына сайлауда қай саяси партияға дауыс беруге дайын екендері сұралды.

Зерттеу нәтижелеріне сәйкес, респонденттер арасында ең жоғары қолдауға «Әділет» партиясы ие. Сауалнамаға қатысқандардың 70,3%-ы аталған партияға дауыс беруге дайын екенін білдірді. Осылайша «Әділет» партиясы электоралдық таңдаулар рейтингінде бірінші орынға ие болып отыр.

Екінші орында – «Ауыл» партиясы, оған респонденттердің 5,6%-ы дауыс беруге дайын.

Үшінші орында «Ақ жол» партиясы, партияны қолдаушылар үлесі 5,0% құрады.

Келесі кезекте «Respublica» партиясы орналасқан, оны респонденттердің 4,9%-ы қолдауға дайын.

Бесінші орында 4,2% нәтижемен оппозициялық Жалпыұлттық социал-демократиялық партия орналасқан.

Алтыншы орында – Халық партиясы респонденттердің 3,9% қолдаған.

Жетінші орында – «Байтақ» партиясы, қолдау деңгейі 0,6%-ды құрады.

Сондай-ақ, респонденттердің 5,5%-ы электоралдық енжарлықтанытып отыр. Оның ішінде 1,6%-ы барлығына қарсы дауыс беретінін айтса, 3,9%-ы қай партияға дауыс беретіні туралы әлі шешім қабылдамаған.

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, қазақстандықтардың электоралдық дайындығы жалпы жоғары деңгейде. Бұл азаматтардың елдің қоғамдық-саяси өміріне тұрақты қызығушылық танытатынын білдіреді және алдағы Құрылтай сайлауына белсенді қатысуға деген саналы дайындығын айқын дәлелдейді.

TIKТОК-ТА БАЛАҒАТ СӨЗ АЙТЫП, КӨШЕ ТАЗАЛАП ЖҮР...

Полиция қызметкерлері TikTok әлеуметтік желісіндегі тікелей эфир барысында бірнеше рет балағат сөздер айтқан Қызылорда облысы Сырдария ауданының 36 жастағы тұрғыны Қуаныш Олжабаевты анықтады.

Құқық бұзушылық жасаған кезде ол алкогольдік масаң күйде болған.

Сот шешімімен Қуаныш Олжабаев ұсақ бұзақылық жасағаны үшін әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Оған 60 сағат қоғамдық жұмысқа тарту жазасы тағайындалды.

Қазіргі уақытта ер адам сот тағайындалған жазасын өтеуде. Ол көшелерді сыпырып, аумақты арамшөптерден тазартып, басқа да қоғамға пайдалы жұмыстар жасауда.

Интернет — заңсыздыққа жол берілетін аумақ емес. Тікелей эфир жауапкершіліктен босатпайды. Құқыққа қайшы әрекет қай жерде жасалса да — көшеде немесе әлеуметтік желіде болсын, ақыры заң алдында жауапкершілікке әкеп соғады.

ЕРГЕШБАЕВ “ЕГІНІ” ӨНІМІ ҚАНДАЙ БОЛАДЫ?



Қызылорда облысы әкімі Мұрат Ерғешбаевтың төрағалығымен күзгі егін жинау науқанына дайындық барысы талқыланған мәжіліс өтті.

Аймақ басшысы егін көлемін өртараптандыру жұмыстарын сапалы жүргізуді және күзгі жиын-терім науқанына дайындықты күшейтуді тапсырды.

Биыл облыста 185,8 мың гектарға ауыл шаруашылығы дақылдары егіледі. Оның 89,7 мың гектары дәнді дақылдар, 6,1 мың гектары майлы дақылдар, 73,2 мың гектары мал азықтық дақылдар. Картоп, көкөніс, бақша дақылдарының жалпы көлемі 16,8 мың гектар. Егін көлемін өртараптандыру тапсырмасына сәйкес негізгі дақыл – күріштің көлемі 10,9 мың гектарға қысқарып, 70 мың гектарға егілді.

- «Қазіргі уақытта егілген күріштің 59,9 мың гектары үстел қоректендіріліп, 62,3 мың гектары арамшөптерге қарсы химиялық өңдеуден өтті. Сонымен қатар, 70 мың гектар күріштің 15 мың гектарының суы байланды.

Жоспарланған дәнді жүгерінің 10 557 гектары егіліп болып, күтіп- бапталуда. Күздік және жаздық бидай, сұлы жинау толық аяқталып, өнім алынуда. Ал көкөніс, бақша және басқа да дақылдарды жинау бекітілген кестеге сәйкес жүргізілуде.

Осы ретте, егін жинау қауіпсіздікті басты назарға ала отырып, күзгі егін жинау науқанына дайындық жұмыстарын тұрақты бақылауға алыңыздар», - деді Мұрат Нәлқожаұлы.

Сондай-ақ жиында Сырдария өзеніндегі су жағдайы туралы да мәлімет ұсынылды.

Шардара су қоймасына жоғарыдан секундына 112,7 текше метр су түсуде. Қоймадағы су көлемі 2,1 млрд текше метр. Бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 1 907 млн текше метрге артық.

Қазіргі уақытта Сырдария өзенінің төменгі ағысына секундына 450 текше метр су жіберіледі. Ал Көксарай су реттегішінде жинақталған су көлемі 22,78 млн. текше метр.

«АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ АЛҚАПТАРЫН БІР ТҮРДЕН ЕКІНШІ ТҮРГЕ АУЫСТЫРУҒА ТҮПКІЛІКТІ ШЕШІМ БЕРУ» МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТІН КӨРСЕТУ ҚАҒИДАЛАРЫ

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 1 қазандағы № 301 бұйрығымен бекітілген қағидаға сәйкес жүргізіледі.

Мемлекеттік қызметті көрсету тәсілдері: "Электрондық үкіметтің" веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы және «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы арқылы.

Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі: Күнтізбелік 30 (отыз) күн.

Мемлекеттік қызметті көрсету түрі: Электрондық (ішінара автоматтандырылған) қағаз түрінде.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі: Көрсетілетін қызметті берушінің ауыл шаруашылығы алқаптарын бір түрден екінші түрге ауыстыру туралы шешімі не мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы уәжді жауап.

Мемлекеттік қызметті көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері: Тегін

Көрсетілетін қызметті берушінің және акпарат объектілерінің жұмыс графигі: 1) «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жексенбі және мереке күндерін қоспағанда, халыққа қызмет көрсету орталықтарының жұмыс графигіне сәйкес;

2) портал – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).

Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары:

1) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің www.gov.kz интернет-ресурсында;

2) көрсетілетін қызметті берушінің www.gov4c.kz интернет-ресурсында;

3) порталда орналастырылған.

Мемлекеттік қызметті көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі: 1) «Ауыл шаруашылығы алқаптарын бір түрден екінші түрге ауыстыруға түпкілікті шешім беру» мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларына (бұдан әрі – Қағидалар) 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ауыл шаруашылығы алқаптарын бір түрден екінші түрге ауыстыруға түпкілікті шешім беру туралы өтініш

2) мыналарды ауыстырған кезде: құндылығы аз ауыл шаруашылығы алқаптарын бір түрден екінші түрге және бағалырақ түрге – аудандар мен қалалардың ауыл және су шаруашылығы саласындағы уәкілетті органдарының қорытындылары мен ұсыныстары бар түсіндірме жазба; суарылмайтын егістіктерді ауыл шаруашылығы

алқаптарының басқа құндылығы аз түрлеріне – ауыл және су шаруашылығы, қоршаған ортаны қорғау саласындағы келісуші облыстық уәкілетті органдардың қорытындылары мен ұсыныстары бар түсіндірме жазба;

3) ауыл шаруашылығы алқаптарының бір түрден екіншісіне ауыстыруға белгіленген жерлердің экспликациясы;

4) басқасына ауыстыру белгіленген ауыл шаруашылығы алқаптарының орналасқан жері, олардың алаңдары, пайдалану түрі, ауыстыру себебі көрсетілген далалық зерттеп-қарау актісі және келісуші мемлекеттік органдар бөлімшелерінің өкiлдері мен осы жерлердің барлық мүдделі уәкілетті жер пайдаланушылары (иеленушілері) кол қойған, басқа түрге ауыстыруға белгіленген ауыл шаруашылығы жерлері көрсетілген далалық зерттеп-қарау сызбасы;

5) жер учаскелерінің сапалық сипаттамасы;

6) суару желісінің, жайылма суару жүйесінің, сондай-ақ негізгі қорлардың құны туралы мәліметтер;

7) жер учаскесі әуеайлақ маңындағы аумақта орналасқан жағдайда, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 12 мамырдағы № 504 қаулысымен бекітілген Әуе кемелерінің ұшу қауіпсіздігіне қатер төндіруі мүмкін қызметті жүзеге асыруға рұқсат беру қағидаларына сәйкес берілетін рұқсат.

Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген негіздер: 1) мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) дұрыс еместігінің анықталуы;

2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызметті көрсету үшін ұсынылған қажетті деректер мен мәліметтердің Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;

3) мемлекеттік қызметті көрсету үшін талап етілетін келісу туралы сұранымға уәкілетті мемлекеттік органның теріс жауабы;

4) осы елді мекенде жайылым тапшылығы болған жағдайда, жайылымдарды егістікке ауыстыруға тыйым салынады.

Мемлекеттік қызмет көрсету, оның ішінде электрондық нысанда көрсету ерекшеліктерін ескере отырып өзге де талаптар: Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы акпаратты порталдың «жеке кабинеті», сондай-ақ Бірыңғай байланыс орталығы арқылы қашықтан кол жеткізу режимінде алуға мүмкіндігі бар.

Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша анықтамалық қызметтердің байланыс телефондары порталда көрсетілген. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: 1414, 8 800 080 7777

Қармақшы аудандық ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімі

ИПБ БАСҚАРУЫНДАҒЫ ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖИНАҚТАРЫН ҚОРҒАУ ТЕТІКТЕРІ

Зейнетақы жинақтарын басқару мүмкіндіктерінің кенеіоі салымшының жауапкершілігінің де артуын білдіреді. ИПБ-ны таңдау – салымшының дербес шешімі. Ол ұсынылатын инвестициялық стратегияны, инвестициялық портфельдің құрылымын, тәуекел деңгейін және активтерді басқару нәтижелерін өз бетінше бағалайды.

Заңнамада зейнетақы жинақтарын қорғаудың кешенді жүйесі көзделген:

•ИПБ-ның қаржылық жауапкершілігі. 2026 жылғы 1 қантардан бастап табыстылықтың эталоны ретінде қолданылатын композиттік индекстер жүйесі енгізілді. Егер инвестициялық портфельдің табыстылығы белгіленген бағдардан төмен болса, басқарушы компания айырманы өз капиталы есебінен салымшыға өтеуге міндетті.

•Тәуелсіз кастодиан-банк. Барлық активтер кастодиан-банкте (тәуелсіз ірі банкте) сақталады. Ол активтердің заңнама талаптарына сәйкес орналастырылуын бақылайды. Бұл ретте активтер салымшының БЖЗҚ-дағы жеке зейнетақы шотында (ЖЗШ) есепке алынуын жалғастырады және ИПБ-ның меншікті активтерінен бөлек сақталады. ИПБ банкрот болған жағдайда салымшылардың зейнетақы активтері оның міндеттемелерін орындауға пайдаланылмайды.

•Инвестициялық шектеулер және ортараптандыру. Реттеуші ИПБ инвестициялай алатын қаржы құралдарының тізбесін белгілейді. Олардың қатарына Қазақстан Республикасының және шет мемлекеттердің

ОТАНДАСТАРЫМЫЗДЫҢ 12 АЙДАҒЫ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ КІРІСІ 2,8 ТРЛН. ТЕҢГЕДЕН АСТЫ

Салымшылардың инвестициялық кірісі Қазақстан Ұлттық Банкінің (КРҰҰБ), сондай-ақ инвестициялық портфельді жеке басқарушылардың (ИПБ) зейнетақы активтерін басқару есебінен қалыптастырылады.

КРҰБ-тың міндетті зейнетақы жарналары (МЗК), міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (МКЗЖ), ерікті зейнетақы жарналары (ЕЗЖ) есебінен зейнетақы активтерін басқару жөніндегі инвестициялық қызметінің нәтижесінде 2025 жылдың маусымынан бастап 2026 жылдың мамырына дейінгі 12 айда есептелген инвестициялық кірістің мөлшері шамамен 2,71 трлн теңгені құрады, осы кезеңдегі кірістілік 11,46% болды.

Жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары (ЖМЗЖ) есебінен 2026 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша соңғы 12 айда есептелген инвестициялық кіріс 115,29 млрд. теңгені құрады, кірістілік 17,12%.

Еске сала кетейік, зейнетақы активтерінің жекелеген қысқа мерзімді кезеңдердегі кірістілігі оларды ұзақ мерзімді басқару тиімділігінің көрсеткіші бола алмайды. Кірістілік деңгейі қаржы құралдарының, валюта бағамдарының және кезеңнен кезеңге дейінгі өзге де көрсеткіштердің нарықтық құнының құбылмалылығына байланысты екенін атап өту маңызды.

мемлекеттік бағалы қағаздары, қазақстандық және шетелдік ұйымдардың үлестік және борыштық бағалы қағаздары, сондай-ақ тиісті кредиттік рейтингі бар екінші деңгейдегі банктер мен бейрезидент-банктердегі салымдар кіреді. Жоғары тәуекелді цифрлық және криптоактивтер бұл тізбеге енгізілмеген, сондықтан зейнетақы жинақтарын оларға инвестициялауға жол берілмейді. Сонымен қатар заңнамада инвестициялау лимиттері белгіленген. Әрбір ИПБ реттеуші талаптарын ескере отырып, өзінің инвестициялық декларациясында басқару стратегиясын дербес айқындайды.

•Басқарушы компанияларға қойылатын талаптар. Зейнетақы активтерін басқаруға қаржылық тұрғыдан орнықты ИПБ ғана жіберіледі. Ол реттеушінің капитал жеткіліктілігіне, клиенттердің активтерін басқару тәжірибесіне, сондай-ақ ірі акционерінің немесе рейтингі «BBB» деңгейінен төмен емес бейрезидент акционерінің болуына қатысты реттеушінің талаптарына сәйкес келуі тиіс. Зейнетақы активтерін басқаруға рұқсат берілген ИПБ-лар тізілімі ҚНРДА мен БЖЗҚ-ның ресми интернет-ресурстарында жарияланған. Қазіргі уақытта зейнетақы активтерін басқару алты компанияның құзыретінде: «Alatau City Invest» АҚ, «BCC Invest» АҚ, «Halyk Global Markets» АҚ , «Halyk Finance» АҚ, «Сентрас Секьюритиз» АҚ және «Tansar Capital» АҚ. ИПБ тізілімінен шығарылған жағдайда салымшылардың зейнетақы жинақтары Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің басқаруына қайтарылады.

ОТАНДАСТАРЫМЫЗДЫҢ 12 АЙДАҒЫ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ КІРІСІ 2,8 ТРЛН. ТЕҢГЕДЕН АСТЫ

Бұл ретте салымшылар ИПБ жұмыс істейтін үш инвестициялық портфельдің бірін таңдай алады:

-жасына қарамастан барлық салымшыларға сәйкес келетін Кі (12) портфелі. Ол бойынша ең төменгі кірістілік деңгейі соңғы 12 айда бағаланады;

-Кі (36) портфелі, ол зейнетке шыққанға дейін кемінде 3 жыл қалғандарға арналған. Кірістіліктің ең төменгі деңгейі 36 айдың қорытындысы бойынша бағаланады;

-ұзақ мерзімді көкжиегі (зейнеткерлікке шыққанға дейін 13 жылдан астам) бар салымшыларға арналған Кі (60) портфелі. Ең төменгі кірістілік деңгейі 60 ай ішінде анықталады.

Зейнетақы активтерін инвестициялық басқару мен есепке алудың бүкіл жүйесі ашық: әрбір салымшының ИПБ-ға сайтындағы жеке кабинетінде немесе мобильді қосымшада өзінің инвестициялық табысын көруге мүмкіндігі бар.

БЖЗҚ зейнетақы активтерін инвестициялық басқару және БЖЗҚ зейнетақы активтері орналастырылған қаржы құралдары туралы ақпарат БЖЗҚ ресми сайтындағы (www.enpf.kz) «Статистика және аналитика/зейнетақы активтерін инвестициялық басқару» бөлімінде, сондай-ақ invest.enpf.kz порталында жарияланады.

ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖИНАҚТАРЫН ТҰРАҚТЫ ТҮРДЕ ҚАЛЫПТАСТЫРАТЫН ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАРДЫҢ САНЫ АРТЫП КЕЛЕДІ

Қазақстанда азаматтардың лайықты зейнетақымен қамсыздандыруға қатысты саналы көзқарасы жыл санап дамып келеді. Бұл үрдіс басқа елдерде әлдеқашан қалыптасқан тәжірибе. Зейнетақы жинақтарын өзінің қартайған кездегі ал-ауқат деңгейіне тікелей әсер ететін ұзақ мерзімді қаржылық капиталы ретінде қабылдайтын азаматтар саны көбеюде. Бұған зейнетақы жинақтары көлемінің серпінді өсуі, халықты жинақтаушы зейнетақы жүйесімен (ЖЗЖ) қамту ауқымының кенеюі, зейнетақы жарналарын тұрақты төлейтін азаматтар санының артуы дәлел.

ЗЕЙНЕТАҚЫ ШОТТАРЫМЕН ОНДАҒЫ ЖИНАҚТАРДЫҢ ОСУІ

2026 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша қазақстандықтардың БЖЗҚ-дағы зейнетақы жинақтары **28,09 трлн теңгеге** жетіп, бір жыл ішінде **4,08 трлн теңгеге** немесе **17,0%-ға** өсті.

ЖЗЖ дамуының негізгі көрсеткіштерінің бірі – зейнетақы шоттары санының тұрақты өсуі. 2026 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ-да **18,78 млн зейнетақы шоты** ашылған. Бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда **1,11 млн** немесе **6,3%-ға** көп.Олардың ішінде салымшылардың (алушылардың) **12,80 млн** жеке зейнетақы шоты бар. Оның ішінде **11,36 млн** шот – міндетті зейнетақы жарналары (МЗЖ), **786,27 мың** шот – міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (МКЗЖ), **462,40 мың** шот – ерікті зейнетақы жарналары (ЕЗЖ) бойынша ашылған.Бұдан бөлек, БЖЗҚ-да жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары (ЖМЗЖ) бойынша келіп түскен мәліметтер есепке алынатын **5,97 млн шартты зейнетақы шоты** ашылған.

Шоттар мен жинақтар туралы барлық акпарат ашық әрі азаматтарға тәуіл бойы, аптасына 7 күн қолжетімді. Оны БЖЗҚ-ның сайтындағы немесе мобильді қосымшасындағы жеке үзінді көшірмеден, сондай-ақ БЖЗҚ-ның өңірлік бөлімшелерінен алуға болады.

ХАЛЫҚТЫҢ ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖАРНАЛАРЫН ТӨЛЕУ БЕЛСЕНДІЛІГІН ҚАЛАЙ БАҒАЛАҒАН ЖОН?

Азаматтардың зейнетақы жарналарын төлеу белсенділігін бағалау кезінде бірқатар маңызды жайттарды ескеру қажет.МЗЖ есепке алынатын шоттардың жалпы санына (11,36 млн) **объективті себептерге байланысты жарналар түспейтін** шоттар да кіреді. Оларға азаматтардың мынадай санаттары жатады:

зейнетжасына жетіп, зейнетақы төлемдерін алып жүрген және еңбек қызметін әрі қарай жалғастырып, табысы болған жағдайда да зейнетақы жарналарын төлеуден босатылған зейнеткерлер;

мерзімсіз уақытқа бірінші және екінші топтағы мүгедектігі белгіленген адамдар;

2016 жылдан бастап толық мемлекеттік зейнетақымен қамсыздандыруға көшірілген ескери қызметшілер;

елден тыс жерлерге тұрақты тұруға көшіп кеткен, бірақ зейнетақы жинақтарын алуға жүгінбеген салымшылар; қайтыс болған, ал мұрагерлері зейнетақы жинақтарына мұрагерлік рәсімін әлі ресімдемеген салымшылар;

Қазақстан заңнамасына сәйкес шоттарына зейнетақы жарналары түспеуі тиіс салымшылардың (алушылардың) басқа да санаттары.

Сонымен қатар, әр адамның өмірінде зейнетақы жарналары төленуі тиіс **табысы болмайтын объективті жағдайлар** кездеседі. Оларға мыналар жатады:

оқу орындарында білім алу; әскери қызмет өткеру; балаға және туыстарына күтім жасау; жұмыс іздеу және жұмыс ауыстыру кезеңдері; шетелде жұмыс істеу; жұмыстың маусымдық сипатына байланысты үзілістер; күнтізбелік жыл ішінде табысы тұрақты түрде түспейтін жұмысты атқару; ұзақ уақыт емделуге және оңалтуға байланысты кезеңдер.

Сондықтан халықаралық тәжірибеде халықтың жинақтаушы зейнетақы жүйесіне тартылуын бағалаудың жалпыға бірдей қабылданған әрі неғұрлым объективті көрсеткіштері ретінде табыс алатын азаматтардың саны және сәйкесінше жыл ішінде кемінде бір жарна түскен **белсенді жеке зейнетақы шоттарының** саны қарастырылады.

Тек 2026 жылдың бірінші жартыжылдығында мұндай шоттардың саны **7,20 млн-нан 7,34 млн-ға** дейін, яғни **150,3 мың** шотқа артты. Сәйкесінше, бұл шоттардағы зейнетақы жинақтарының көлемі де өсті. 2026 жылдың бірінші жартыжылдығында олардың көлемі **20,95 трлн теңгеден 22,24 трлн теңгеге** дейін, яғни шамамен **1,29 трлн теңгеге** немесе **6,2%-ға** ұлғайды.

Белсенді шоттардың негізгі бөлігі тұрақты еңбек қызметін жүзеге асыратын және МЗЖ-ны жүйелі түрде төлейтін азаматтарға тиесілі. Олардың саны алты ай ішінде

МЕНШІК ИЕСІ:	Редакцияның мекен-жайы:	(E-mail: a_akshamy@mail.ru) Газет Қазақстан Республикасы Байланыс және Ақпарат Агентігінде тіркеліп	ТАРАЛЫМЫ: 4000 Газет редакцияның компьютерлік орталығында теріліп, беттелді. Газет Қызылорда қаласындағы «PRINT» баспаханасында басылды.	Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен жауапкершілігін редакция саны бермейді.
«Желтоқсан и К» ЖШС	Қызылорда қаласы Абай даңғылы, 59/1	№14611-Г «7» қараша 2014 жылы күәлгі берілген.	Мекен-жайы: Қызылорда қаласы, А.Байтұрсынов көшесі, №49	Қолжазбалар өңделеді және авторларға қайтарылмайды.
Бас редактор Сәрсенкүл Бәйдешқызы БІҚОЖАЕВА	Телефон: 23-16-08 23-16-11	Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №1026-Г - 11.01.2000 ж	Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы	Газет материалдарын көшіріп басу үшін міндетті түрде редакцияның рұқсаты керек.
Бас редактордың орынбасары Айдана ӘЛИАРЫСТАН		Газет аптасына бір рет жарық көреді	Тапсырыс	Сурут сапасына редакция жауап бермейді

КӘСІПКЕРЛЕРДІ ҚОЛДАП ЖҮР

Қызылорда облысы әкімі Мұрат Ергешбаев қаладағы кәсіпкерлік нысандарын аралау барысында Белкөл кентіндегі «Вега Пром» ЖШС-ның автоклавы газоблок пен құрғақ құрылыс қоспаларын өндіру зауытына барды.

Кәсіпорынның жылдық өндірістік қуаты 30 мың текше метр, құрылысқа 30 адам тартылған. Қазіргі таңда нысанда техникалық іске қосу жұмыстары жүргізілуде. Мемлекеттік қолдау аясында 3 гектар жер телімі беріліп, қажетті құрал-жабдықтар мен техникалар Қытайдан жеткізілген. Кәсіпорынды қыркүйек айында толық іске қосу жоспарланып отыр.

Дәл осы аумақта орналасқан асфальтбетон өндірісі «Орда автодор» ЖШС-ның жеке қаражаты есебінен іске қосылған. Сағатына 60 тонна асфальтбетон қоспасы өндіріледі, жоба құны 1 млрд. теңге. Бүгінде өндірілген өнім ішкі нарықтың сұранысын толық өтеуде.

Келесі нысан – қала орталығында салынып жатқан «Пана Қаракөз» қонақүйі. Заманауи үлгідегі қонақүйде 70-ке жуық нөмір қарастырылған. Сондай-ақ келушілерге қолайлы жағдай жасау мақсатында заманауи технологиялар енгізілмек. Мұнан бөлек ғимаратта «Тағу» этно-кофеханасы орналасатын болады. Қазіргі уақытта ғимараттың іші әрленіп, қасбеті қапталып жатыр. Қонақүй быыл пайдалануға беріледі.

Бұдан кейін облыс әкімі балық шаруашылығын дамыту мақсатында



құрылған «Хан Бекіре» ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативінің жұмысымен танысты. Жоба құны 31,4 млн. теңге, негізгі өндірістік қуаттылығы жылына 28 мың тонна. Мұнда альанский, орыс бекіресі, янтарь және форель өсіріліп, облыс аумағына сатылымға шығарылады.

Сондай-ақ аймақ басшысы «Шапағат» жеке кәсіпкерлігінің жылыжай

шаруашылығын аралады. Кәсіпкер озық технологияларды пайдалана отырып, бау-бақша өнімдерін өсірумен айналысады. Құны 45 млн. теңге, аумағы 1 200 шаршы метр жылыжайда Ташкент лимоны мен қиярдың бірнеше түрі өсірілуде.

Облыс әкімі нысандарды аралау кезінде жауапты сала басшыларына бірқатар тапсырма берді.

ФУТБОЛДЫ БІРЛЕСІП ДАМЫТАМЫЗ

Қызылорда облысы әкімі Мұрат Ергешбаев Қазақстан футбол федерациясының бас хатшысы Манн Скотты қабылдады.

Кездесуде аймақ спортын, соның ішінде футболды дамыту мәселесі талқыланды.

- «Бүгінде өңірімізде футболды дамытуға ерекше көңіл бөлініп келеді. Біздің мақсатымыз – бұқаралық футболдан бастап кәсіби клубқа, академияға және Ұлттық құрамаға дейінгі біртұтас жүйе қалыптастыру.

«Қайсар» футбол клубы жекешелендіріліп, оның ұзақмерзімді дамуына жаңа мүмкіндік берілді. Қазіргі таңда «Қайсар» футбол клубының заманауи базасы мен академиясы салынууда. Бұл нысандар балалар-жасөспірімдер футболын дамытып, клубтың өз тәрбиеленушілерін негізгі командаға жеткізеді.

Сонымен қатар қызылордалық команда Қазақстан Кубогының жартылай финалына шықты. «Жеңіске» қарсы алғашқы жартылай финалдық ойында «Қайсар» 3:1 есебімен жеңіске жетті. Екінші жартылай финалдық кездесу 19 тамызда өтеді.

Осы ретте Сіздермен бірлесіп өңір футболын дамыту мақсатында ауқымды жұмысты бірлесіп атқаруға шақырамын», - деді Мұрат Нәлқожаұлы.

Өз кезегінде Манн Скот ризашылығын білдіріп, ұсыныстарды бірлесіп талқылауға ниетті екенін жеткізді.

2022 жылдан бері аймақта 27 спорт нысаны пайдалануға берілді. Мемлекет басшысының тапсырмасымен 11 мың орындық «Қайсар Арена» стадионы салынып, өткен айда УЕФА-ның IV санатты жоғары мәртебесі берілді. Облыс орталығында аумағы 25 мың шаршы метрлік «Қызылорда Арена» спорт кешені бой көтеруде. Бұдан бөлек, кәсіпкерлердің демеушілігімен, Ұлттық компаниялар, спорт федерацияларының қолдауымен маңызды жобалар жүзеге асырылуда. Атап айтқанда, Қазақстан футбол федерациясының қолдауымен Ф. Мұратбаев атындағы стадионның қосалқы алаңы мен Жалағаш ауданының орталық стадионы күрделі жөндеуден өтті. «Самұрық Қазына Траст» қорымен бірлесіп, Қызылорда қаласында «Теннис орталығы» ашылды.

Өткен жылы «Қазақстан халқына» қорының қолдауымен Шиелі, Жалағаш аудандарында жаңа спорт кешені және Қызылорда қаласында мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған заманауи Инклюзивті спорт орталығы ел игілігіне табысталды.

Бүгінде облыста 377 мыңнан астам тұрғын бұқаралық спортпен жүйелі шұғылданады.

ОҢТҮСТІК КОРЕЯМЕН ҰНТЫМАҚТАСТЫҚТЫҢ ЖАҢА ДЕҢГЕЙІ



Қызылорда облысы әкімі Мұрат Ергешбаевтың төрағалығымен Оңтүстік Кореямен ынтымақтастықты одан әрі дамыту мәселелеріне арналған жиын өтті.

Екі ел арасындағы достық қарым- қатынас пен стратегиялық серіктестік өңіраралық байланыстарды дамытуға оң әсерін тигізді. Өсіресе, инвестиция тарту, жаңа өндіріс орындарын ашу, озық технологияларды қолданысқа енгізу бағытында өз нәтижесін беріп келеді.

Өткен жылы Қызылорда облысы мен Корея

Республикасы арасындағы өзара тауар айналымының көлемі 1,2 млн. АҚШ долларына жетіп, өсім көрсеткіші артқан.

Мемлекет басшысы елімізде шетелдік жетекші жоғары оқу орындарының филиалдарын ашу туралы тапсырма бергені белгілі. Осыған сәйкес, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің базасында Оңтүстік Кореяның SeoulTech университетінің Жасанды интеллект мектебі ашылды.

Бүгінде еліміздегі алғашқы жасанды интеллект мектебінде 225 студент білім алуда. Алдағы оқу жылында тағы 128 студент қабылданады.

Сонымен қатар шикізат өндірісін ұлғайту мақсатында корейлық компаниялармен келіссөздер жүргізілуде.

Атап айтқанда витражды терезе өндірісін жолға қою және сауда-логистикалық орталық құру туралы бірқатар ұсыныс қарастырылып жатыр.

Аталған жобаларды инвестициялық әлеуеті жоғары Қорқыт Ата арнайы экономикалық аймағында орналастыру көзделген.

30 ЖЫЛДЫҚ МЕРЕЙТОЙ

Қазақстан Республикасы Парламентінің 30 жылдығына орай салтанатты шара өтті.

Оған облыс әкімі Мұрат Ергешбаев, зиялы қауым өкілдері, облыстық, қалалық және аудандық мәслихат төрағалары мен депутаттары қатысты.

Аймақ басшысы Қазақстан Парламентінің ел тәуелсіздігін нығайтудағы және мемлекеттің тұрақты дамуын қамтамасыз етудегі ерекше рөліне тоқталды.

«Отыз жылдан астам уақытта Қазақстан Парламенті тәуелсіз еліміздің құқықтық негізін қалыптастыруға, мемлекеттік институттарды нығайтуға және еліміздің тұрақты дамуына зор үлес қосты.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы «Елімізде саяси және заңнамалық тұрғыдан сапасы жоғары парламенттік мәдениет қалыптасты. Бұл – Қазақстанды дамыған ел ретінде айқындайтын ең маңызды көрсеткіштің бірі. Парламенттің әрбір шақырылымы Қазақстанның алға қарай нық сеніммен қадам басуына зор серпін берді», - деген болатын.

1995 жылғы Конституцияның қабылдануы қос палаталы кәсіби Парламенттің қалыптасуына жол ашты. Еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына серпін беретін, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға бағытталған үш жарым мыңға жуық заң қабылданды, мемлекеттік басқарудың жаңа үлгісі қалыптасты.

Конституциялық реформалардың нәтижесінде Парламенттің өкілеттігі кеңейіп, депутаттық корпус пен азаматтық қоғам арасындағы байланыс нығайды.

1995 жылдан бері өңірімізден 27 азамат Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты мен Мәжілісіне депутат болып сайланды. Олар аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуына қатысты өзекті мәселелердің шешілуіне зор үлесін қосты. Арал өңірінің экологиялық ахуалы, су қауіпсіздігі, ауылдарды қолдау, инфрақұрылымды жаңғырту, халықтың тұрмыс сапасын жақсарту бағытындағы бастамалар – соның айқын дәлелелі.

Осы ретте ұлт мүддесін бөрінен биік қойып, елге адал қызмет еткен аймағымыздан сайланған Парламент депутаттарына барша Сыр жұртшылығының атынан шынайы алғысымды білдіремін», - деді Мұрат Нәлқожаұлы.

Шарада Биғали Қиюпов, Балайым Кесебаева сөз сөйлеп, ел дамуына сүбелі үлес қосып жүрген бірқатар азамат «Қазақстан Республикасының Парламентіне 30 жыл» медалімен марапатталды.

ЖАҢА ОҚУ ЖЫЛЫ БАСТАЛАДЫ

Сырдария ауданы әкімі Берік Сөрменбаевтың төрағалығымен мәжіліс өтіп, онда жаңа оқу жылына дайындық жұмыстарының барысы талқыланды.

Жиында білім беру ұйымдарының жаңа оқу жылына дайындығы, мектеп ғимараттарының әзірлігі, материалдық-техникалық базаның жай-күйі, қауіпсіздік талаптарының сақталуы және оқу процесін сапалы ұйымдастыруға қажетті жұмыстардың орындалу барысы қаралды. Сондай-ақ білім ошақтарының санитариялық талаптарға сәйкестігі, абаттандырылуы, оқу кабинеттерінің жабдықталуы және оқушыларға қолайлы жағдай жасау мәселелеріне назар аударылды.

Аудан әкімі білім беру ұйымдарының оқу жылын толық дайындықпен бастауы тиіс екенін айтып, мектептердегі қауіпсіздік мәселесіне айрықша мән беруді тапсырды.

– Жаңа оқу жылының ойдағыдай басталуы білім беру ұйымдарының жан-жақты дайындығына тікелей байланысты. Мектептердің материалдық-техникалық жағдайы, ғимараттардың әзірлігі, қауіпсіздік талаптарының орындалуы және оқушыларға жасалған жағдай толық зерделенуі тиіс. Өсіресе балалардың қауіпсіздігіне қатысты мәселелерде жауапкершілік пен бақылауды күшейту қажет. Белгіленген жұмыстардың барлығы оқу жылы

басталғанға дейін сапалы аяқталуы керек, – деді Берік Өбдіғалпарұлы.

Мәжілісте бұдан бөлек 23 тамызда өтетін Құрылтай депутаттарының сайлауына дайындық мәселесі қаралды. Сайлау учаскерлерінің әзірлігі, материалдық-техникалық қамтамасыз етілуі және сайлау процесінің заң талаптарына сәйкес ұйымдастырылуы жөніндегі жұмыстар сараланды. Аудан әкімі жауапты тұлғаларға дайындық жұмыстарын белгіленген мерзімде аяқтап, сайлауды тиісті деңгейде өткізуді қамтамасыз етуді тапсырды.

Жыын барысында бірқатар қосымша мәселелер қаралып, жауапты сала басшыларына тиісті тапсырмалар берілді.

«ҚАЗСУШАР» ФИЛИАЛЫНА ЖАҢА БАСТЫҚ КЕЛДІ



Облыс әкімі Мұрат Ергешбаевтың төрағалығымен өткен мәжілісте Су ресурстары және ирригация министрлігінің келісімімен, «Қазсушар» республикалық мемлекеттік кәсіпорны бас директорының бұйрығымен «Қазсушар» РМК облыстық филиалының директоры қызметіне тағайындалған Мырзаев Ибадулла Абдуллаұлы таныстырылды.

Облыс әкімі жаңа басшыға су шаруашылығы нысандарын жаңғырту және цифрландырудың кешенді жоспарына енгізілген шараларды уақытылы орындауды, шаруашылықтарға су жеткізіп беру қызметін сапалы ұйымдастыруды және қыс-көктем мезгіліндегі су тасқынының алдын алуды тапсырды.

Ибадулла Абдуллаұлы 1976 жылы Түркістан облысында дүниеге келген. Шығыс Қазақстан мемлекеттік университетінде экономика және менеджмент, Тараз мемлекеттік университетінде су ресурстары және суды пайдалану мамандықтары бойынша білім алған.

2003-2007 жылдары «Оңтүстіксушар» кәсіпорнында экономист, бас экономист болған.

2007-2013 жылдары Су ресурстары комитетінде түрлі лауазымдарда еңбек еткен.

Кейінгі он жыл көлемінде «Қазсушар» мекемесінің Астана қаласындағы орталық аппаратында, Ақмола, Қарағанды облыстарының өңірлік филиалдарында басшылық қызметте болған.

2024 жылдан осы күнге дейін республикалық «Қазсушар» мекемесі бас директорының өндіріс жөніндегі орынбасары қызметін абыроймен атқарып келді.

Қызылорда облысының ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасының басшысы Т.Дүйсебаев:



Ағымдағы жылы аграрлық секторға көрсетілген мемлекеттік қолдау өткен жылмен салыстырғанда 53%-ға артқан.

Есесіне есепті кезеңде, яғни биылғы жылдың қаңтар-маусым айларында, ауыл шаруашылығының жалпы өнімі 3,9%-ға, тамақ өнімдерін өндіру 11,3%-ға, ауыл шаруашылығы негізгі қорына салынған инвестиция 1,9 есеге көбейген.

Биыл өңірдің егіс алқаптарын сумен қамтамасыз ету үшін 3,2 млрд. текше метр су лимиті бекітіліп, вегетациялық кезең басталғаннан бері Сырдария өзенінен каналдар арқылы нақты 2,9 млрд. текше метр су алынып, оның 2,4 млрд. текше метрі егістік алқаптарына жеткізіліпті.

Мемлекет басшысының су ресурстарын ұтымды пайдалану жөніндегі тапсырмасына сәйкес, биыл

күріш егісінің көлемі өткен жылмен салыстырғанда 10,9 мың гектарға қысқартылып, 70,1 мың гектарға орналастырылған.

Күріш жинау жұмыстарын тамыз айының үшінші онкүндігінде бастау жоспарланған.

Қысқартылған күріш дақылының орнына дәндік жүгері егісі биыл 5 есе ұлғайып 10 мың гектарға егілген.

Су үнемдеу технологияларын енгізу қарқыны да жыл сайын артып келеді. Егер өткен жылы мұндай технологиялар 8 мың 100 гектар алқапта қолданылса, биыл олардың көлемі 14 мың 200 гектарға дейін ұлғайыпты.

Сонымен бірге өткен жылы 60 мың гектар күріш алқабы лазерлік тегістеуден өткізіліп, су үнемдеу мен өнімділікті арттыруда оң нәтиже көрсетті. Биыл бұл көрсеткіш 65 мың

МЕМЛЕКЕТТІК ҚОЛДАУДЫҢ ҚАЙТАРЫМЫ...

Еліміз бойынша биылғы жылдың 15 тамызынан егін жинау науқаны басталды. Ауыл шаруашылығы Министрлігінің мәліметі бойынша әзірге 2,6 млн. гектардан дәнді дақылдар жиналған. Өткен жылы 1,3 млн. гектар дәнді дақылдар жинағанымызды ескерер болсақ, биылғы мен былтырғының айырмасы әжептәуір.

Сондай-ақ бүгінге дейін 513 мың тонна картоп, 1,1 млн. тонна көкөніс, 1,6 млн. тонна бақша дақылдары жиналыпты.

Өрине мұның барлығы ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдаудың арқасы. Мәселен 2023-ші жылы 140 млрд. теңге қаржы бөлінсе, 2025-ші жылы қаржыға дейін көтерілген.

Осы ретте қызылордалық дихандардың да егін жинау науқанынан үміті зор. Жалпы аймақтағы ауыл шаруашылығына жасалып жатқан мемлекеттік қолдау, биылғы егін өнімі, агроөндіріске инвестиция, мал басын өсіру барысы туралы Қызылорда Өңірлік Коммуникациялар қызмет алаңында брифингте облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы Т.Дүйсебаев кеңінен әңгімеледі.

гектарға жеткізілді.

Шаруашылық құрылымдары барлық агротехникалық шараларды мерзімінде атқаруда. Көктемгі егіске қажетті 65,6 мың тонна минералдық тыңайтқыш пен 84,1 мың литр гербицид толық сатып алынды. Барлық 3 975 бірлік ауыл шаруашылығы техникасы жөндеуден өткізіліп, дала жұмыстарына жұмылдырылды. Көктемгі егіс пен дала жұмыстарына облысқа 10,1 мың тонна арзандатылған дизель отыны бөлініп, шаруашылықтарға литрі 281 теңгеден жеткізілді.

Аймақта төрт түлік мал басы өсіп, өнім өндіру тұрақты ұлғаюда. Атап айтқанда, ағымдағы жылдың 1 шілдесіне 416,2 мың бас МІҚ, 790,8 мың бас қой мен ешкі, 282,5 мың бас жылқы, 68,5 мың бас түйе және 125,6 мың бас құс тіркелген. Осы есепті кезеңде 18,1 мың тонна ет (тірі салмақта), 22,5 мың тонна сүт және 3 590,9 мың дана жұмыртқа өндіріліп, 2025 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда ет өндірісі 4,1%-ға, сүт өндірісі 4,9%-ға, жұмыртқа 8,8%-ға артқан.

Статистикалық мәліметтерге сәйкес биылғы жылдың мамыр айына дейін облыстан 33,2 мың тонна ауыл шаруашылығы өнімдері атап айтқанда күріш, балық өнімдері, уақ мал, қамыс,

күріш қалдығы, жүгері, майлы дақылдар тұқымы әлемнің 21 мемлекетіне экспортталды.

Барлық экспортталған өнімнің 88,2 пайызын құрайтын күріш өнімі Ресей, Беларусь, Қырғызстан, Тәжікстан,

Қызылорда облысының әкімі М.Ергешбаев:

ҚОЛДАУЛАРДЫҢ БАСТЫ МАҚСАТЫ МАЛ - БАСЫН, ЕТ ЖӘНЕ СҮТ ӨНІМДЕРІНІҢ КӨЛЕМІН АРТТЫРУ

Мемлекет басшысының суды көп қажет ететін дақылдарды оңтайландыру тапсырмасына сәйкес биыл күріш көлемі өткен жылмен салыстырғанда 10 900 гектарға қысқарып, 70 мың гектарға егілді. Өсімдік шаруашылығын әртараптандыру және жоғары рентабельді дақылдардың үлесін арттыру бағытында жүйелі жұмыс бар. Соңғы төрт жылда облыстағы күріш егісі 19 мың гектарға немесе 21%-ға қысқартылып, оның орнына суды аз қажет ететін дақылдар егілді. Бұл жұмыстарды одан әрі жалғастыру үшін 2028 жылға дейін жүгері егісін ұлғайту мақсатында арнайы Жол картасы бекітілді. Жоспарға сәйкес жүгері көлемін ұлғайту, техникалық жабдықтармен қамтамасыз ету және мемлекеттік қолдау ұсыну көзделуде. Агроөнеркәсіп саласындағы жалпы өнімнің 30%-дан астамы мал шаруашылығының үлесінде. Шаруашылықтар маусымдық егіншілікке ғана бейімделмей, жыл бойы жұмыспен қамтитын кәсіпке, яғни мал басын көбейтуге ден қоюы керек. Биыл кешенді жоспар бекітілді. Наурыз айынан бері жылдық 6 пайызбен «Игілік», «Береке» несиелеу бағдарламалары іске қосылды. Бұл қолдаулардың басты мақсаты – мал басын, ет және сүт өнімдерінің көлемін арттыру. Осы бағыттағы жұмысты да әрі қарай жандандыруымыз керек», - деді Мұрат Нәлқожаұлы.

Мәжіліс соңында жауапты басқарма басшыларына нақты тапсырмалар берілді. Жергілікті кәсіпкерлер мен шаруашылық төрағалары ұсыныс-пікірлерін ортаға салды.

Қызылорда облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы А.Әбілпатта:

АНА ӨЛІМІ ОРЫН АЛҒАН ЖОҚ

Аймақтағы медициналық санитариялық көмек көрсету ұйымдарына 821 097 тұрғын тіркелген, оның 82,1 пайызы мемлекеттік медициналық ұйымдарға, қалған 17,9 пайызы жеке медициналық ұйымдарды таңдаған. Жалпы тұрғындарға 29 стационарлық 24 амбулаториялық-емханалық 101 дәрігерлік амбулатория, 27 фельдшерлік акушерлік бекет, 92 медициналық бекет қызмет көрсетуде.

Халыққа медициналық көмекті қолжетімді ету, ана мен бала денсаулығын сақтай отырып, өлім-жітім көрсеткішін төмендету мақсатында аймақтық денсаулық сақтау саласында бірқатар кешенді жұмыстар жүргізіліп, нәтижесінде негізгі медициналық-демографиялық көрсеткіштердің оң динамикасы байқалады.

Атап айтқанда жалпы өлім-жітім көрсеткіші былтырғы жылмен салыстырғанда бір деңгейде, туберкулезден аурушандық көрсеткіші 10,5 пайызға, туберкулезден өлім-жітім көрсеткіші 33,3 пайызға, қатерлі ісіктерден өлім-жітім көрсеткіші 7,5 пайызға, жүрек-қанайналым жүйесінен өлім-жітім көрсеткіші 13,9 пайызға, сәби өлімі 5,1 пайызға төмендеп, ағымдағы жылдың 6 айында ана өлімі орын алған жоқ.

Емхана облыс бойынша бір тәулік ішінде орта есеппен 17 910 ересек, 9 075 бала дәрігерлері көмегіне жүгінсе, жедел жәрдем қызметімен 1 400-ге жуық шақыртулар орындалады. Орташа есеппен 1 тәулікте стационарлық емге шұғыл және жоспарлы түрде 210 ересек және 115 бала қабылданады. Күніне 40-50 нәресте дүниеге келсе, 6 айда 6616 ана босанып, 6883 нәресте дүниеге келді.

Стационарларда күн сайын ересектерге 70, балаларға 30 ота, оның ішінде республика деңгейінде жүргізілетін 3-4 күрделі ота жасалады.

2026 жылдың 6 айының қорытындысымен 56 жоғары технологиялық медициналық көмек көрсетілді, 4 жаңа ота түрі енгізілді 9 мастер класс, 10 семинар, республикалық орталық мамандарымен 2 кеңес беру, әр медициналық ұйымдар деңгейінде әй сайын ашық есік күндері өткізілді. Сондай-ақ, 84 науқасқа аритмологиялық операция жүргізіліп, көптеген тұрғындардың денсаулығын қалпына келтіруге мүмкіндік туды. Бұдан бөлек 77 жамбас буынына және 151 тізе буынына эндопротездеу оталары сәтті орындалды.

Сонымен қатар заманауи медициналық технологияларды кеңінен қолдану арқылы жыл сайын 800-ге жуық онкологиялық жоғары мамандандырылған емдік-диагностикалық көмек көрсетіліп, халықаралық стандарттарға сай бейнеқолдаумен жүргізілетін торакоскопиялық, лапароскопиялық, реконструктивті пластикалық, озық хирургиялық оталар жасалуда.

Жоғары технологиялық әдістер онкологиялық ауруларды ерте анықтап, тиімді ем жүргізуге және науқастардың өмір сапасын жақсартуға мүмкіндік беруде.

Облыста 7 санитарлық автокөлік, 2 ұшақ және 1 тікұшақ арқылы медициналық авиация бойынша көмек тәулік бойы үздіксіз ұйымдастырылып келеді.

Медициналық авиация қызметінің нәтижесінде ауыр халдегі науқастарға 336 шақыртуға қызмет көрсетілді. Оның ішінде 50 шақырту ұшақпен, 21 тікұшақ арқылы жүзеге асырылды, 99 науқасқа

шұғыл ота жасалып, 144 науқасқа білікті дәрігерлік кеңес берілді. Сонымен қатар 144 науқас облыс орталығындағы үшінші деңгейлі медициналық ұйымдарда мамандандырылған медициналық көмек алды.

Шалғай елді мекен тұрғындарының сапалы медициналық қызметке қолжетімділігін арттыру мақсатында 6 жылжымалы медициналық кешеннің жұмысы ұйымдастырылған. Кешендер арқылы бір жылда 60 мыңнан астам ауыл халқына диагностикалық және зертханалық қызметтер көрсетіп, білікті мамандардың кеңесін алуға мүмкіндік берді.

Сонымен қатар халық денсаулығын нығайту және әлеуметтік маңызы бараурулардың алдына бағытындағы жұмыстар жүйелі түрде жалғасуда. 2023 жылдан бастап «Қазақстан халқына» қоғамдық қорының қолдауымен пайдалануға берілген заманауи жылжымалы медициналық кешен арқылы шалғай ауыл тұрғындарына онкологиялық скрининг жүргізілуде. Аталған кешеннің ерекшелігі МӘМС-те сақтандырылмаған азаматтардың профилактикалық тексеруден өтуге мүмкіндігі бар. 2026 жылдың 6 айында 2 мыңнан астам ауыл тұрғындарына диагностикалық тексерулер жүргізіліп, онколог маманның кеңесі берілді.

Аталған кешеннің іске қосылуы онкологиялық ауруларды ерте кезеңде анықтауға, тұрғындарды сапалы диагностикалық қызметпен қамтуға және мамандандырылған медициналық көмектің қолжетімділігін арттыруға мүмкіндік берді.

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес «Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жоба аясында 28 нысан құрылысы салынып, ел игілігін көруде.

Жоба аясында ауыл тұрғындарына шұғыл медициналық көмек көрсету бойынша облыста 6 жоба жүзеге асырылып, толығымен пайдалануға берілді.

Оның ішінде Арал, Қазалы, Шиелі және Жаңақорған аудандық көпбейінді ауруханаларының қосымша құрылысы жүргізіліп, Шиелі ауруханасы былтырғы жылы МРТ аппаратымен қамтылса, Арал, Қазалы және Жаңақорған ауруханалары биылғы жыл соңына дейін МРТ аппаратымен қамтамасыз етілетін болады.

Шиелі және Арал аудандарындағы жұқпалы аурулар бөлімшелерінің ғимараттары пайдалануға берілді.

Облыс орталығында бір ауысымда 100 келушіге арналған емханасы және онкологиялық бөлімшесі бар 300 орындық көпбейінді аурухананың құрылысы қарқынды жүруде.

Биыл аурухана пайдалануға беріледі.

Бұдан бөлек Қызылорда қаласында 200 төсек орынға арналған перинаталдық орталық салынады.

Титов қыстағынан ауысымына 400 келушіге арналған № 5 қалалық емхана құрылысы басталса, Сырдария өзенінің сол жағалауынан 500 келушіге арналған емхананың және Арал қаласындағы ауысымына 250 келушіге арналған емхананың құрылыстары басталатын болады.

Соңғы 3 жылда 24 нысанға күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілсе, 45 денсаулық сақтау нысандарының жылу жүйесі газға ауыстырылды. Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Өз Жолдауында Қазақстан жасанды интел-



лектіні кеңінен қолданатын және цифрлық технологияларды дамытып жатқан елге айналуда тиіс екендігін атап өтті.

Жасанды интеллект денсаулық сақтаудың әртүрлі аспектілеріне, соның ішінде диагностикаға, ауруларды болжауға, жекелеңдірілген емдеуге және медициналық деректерді басқаруға көмектеседі.

Қызылорда облысында медициналық бейнелерді орталықтандырылған мұрағаттау жүйесі, сондай-ақ жасанды интеллектіні қолдана отырып, онкологиялық ауруларды анықтау бойынша мамандандырылған жүйелер, науқастарды ерте диагностикалау, емдеу тиімділігінің және өңірімізде сапалы медицинаның қолжетімділігін арттыру мақсатында ПАКС бағдарламалық жүйесімен қамтамасыз етілді.

Өңіріміздің денсаулық сақтау ұйымдарын материалдық-техникалық жарақтандыруға аса назар аударылуда.

2022-2024 жылдар аралығында денсаулық сақтау ұйымдарына 245 санитарлық автокөліктер алынып, медицина ұйымдарының автопаркі толығымен жаңартылды.

Соңғы 3 жылда денсаулық сақтау ұйымдарын материалдық-техникалық жабдықтармен қамтамасыз ету үшін медициналық құрал-жабдықтар сатып алынды, оның ішінде КТ, МРТ, ангиограф сияқты ауыр техникалар да бар. Аудандық ауруханалар КТ аппаратымен толығымен қамтамасыз етілді.

Нәтижесінде медициналық құрал-жабдықтардың жарақтандырылуы деңгейі 2022 жылғы

83,2 пайыздан қазір 90,2 пайызға жоғарылады.

Ал, биылғы жылы тиісті қаражат бөлініп, 14 бірлік медициналық техника жыл соңына дейін сатып алынады.

Маман тапшылығын азайту мақсатында өңірімізге аса қажетті медициналық мамандықтар бойынша 197 резидент, жалпы тәжірибелі дәрігер мамандығы бойынша 190 білім беру гранты бөлінді. Соңғы екі жылда елді мекендерге барған аса тапшы 14 жас маманға жергілікті бюджет есебінен жүз еселенген ең төменгі жалақы мөлшерінде, яғни 8,5 млн. теңгеден біржолғы жәрдемақы төленді. Биылғы жылы 10 аса тапшы маманға осындай көмек беру жоспарлануда.

Бұл шаралар өз кезегінде 2-3 жыл көлемінде аймақтық саланы дәрігерлермен толығымен қамтамасыз етуге, тар буынды мамандар тапшылығын мейлінше азайтуға мүмкіндік береді.

Аймақ дәрігерлерінің шетелде тәжірибе алмасу жұмыстары да жалғасуда. Өткен жылдан бері дәрігерлер және орта буын қызметкерлері Германия, Ресей, Литва, Беларусь мемлекеттерінде біліктілігін жетілдірді. Биылғы жылы да 6 маманымыз жергілікті бюджет есебінен Қытай мемлекетіне жолдау жоспарлануда.

Сыр медицинасындағы ауқымды жоспарлар мен игі жақсылықтардың барлығы халықтың денсаулығын жақсарту бағытында жасалуда. Алдағы уақытта да тұрғындарға сапалы медициналық көмектің қолжетімділігін арттыру, медициналық қызметтердің сапасын жақсартуға бағытталған жұмыстар өз жалғасын табатын болады.

Қызылорда облыстық цифрлық технологиялар басқармасының басшысы С. Ибадулла:

БАСЫМ МІНДЕТТЕРДІҢ БІРІ - КАДРЛАРДЫҢ БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРУ



Мемлекет Басшысы 2026 жылды «Цифрландыру және жасанды интеллект жылы» деп жариялауына орай, аймақта цифрландыру және жасанды интеллект бағытында жұмыстар жүргізілуде. Президентіміз Қазақстан халқына арнаған Жолдауында жасанды интеллекттің мүмкіндіктерін қолданып, елімізді одан әрі әлеуметтік-экономикалық, инновациялық дамытудың жаңа бағдарын айқындап берді. Күнделікті жұмыста жасанды интеллект дағдыларын дамыту мен қолданудағы басым міндеттердің бірі - кадрлардың біліктілігін арттыру. Содан да жасанды интеллекттің экономиканың барлық саласына енгізу үшін білікті кадрларды дайындау бағытында жұмыс жүргізілуде. Осы мақсатта өңірімізде 2023 жылдан бастап Қорқыт Ата

университетінің базасында Сеул ұлттық ғылым және технология университетімен (SeoulTech) бірлесіп, Қазақстандағы алғашқы Жасанды интеллект институты жұмыс жасауда. Өңірінде институтта 240 студент білім алуда, оның 200-і – бірлескен білім беру бағдарламаларында, 40-ы – қос дипломды бағдарламаларда оқиды. Жасанды интеллект министрлігі барлық мемлекеттік қызметшілерді оқыту бастамасын көтерді. Astana Hub барлық мемлекеттік қызметшілер үшін жасанды интеллект құралдарын пайдалану дағдыларына Қызылорда облысы бойынша мемлекеттік қызметшілер 100% оқытылды. Жаңа идеялар мен инновациялық жобаларды дамыту, білікті кадрларды даярлау мақсатында Қызылорда хаб (Kyzylorda Hub) оқыту орталығы жұмыс жасауда. Соңғы 3 жылдың ішінде 48 стартап жоба жүзеге асырылып, 20 жаңа жұмыс орны құрылды. Өңіріміздегі 21 медициналық ұйымда биылдан бастап жасанды интеллект арқылы онкологиялық ауруларды ерте анықтау технологиясы енгізілді. Қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында өңіріміздегі барлық 7 аудан орталықтары мен Байқоңыр қаласының аумағында және Қызылорда қаласына: 2100 бейнебақылау камералары, 150 жылдамдық өлшегіш құрылғылары, 80 интеллектуалды қиылыс құрылғысы 9 жедел басқару орталықтары қайта жаңғыртылды. Полиция қызметкерлері үшін қылмыстың алдын алу, қылмысты ашу уақыты стандарты әдісінен қысқарту мақсатында барлық бейнекамералар жасанды интеллект мүмкіндіктері бар AI жүйесімен жедел басқару орталығы жұмыс жасауда. Аталған жүйеге КР-ның Ішкі істер министрлігі, ұлттық қауіпсіздік комитеті, бас прокуратура және полиция департаменті мен облыс әкімдігі қосылған. Елімізде алғаш рет 25 Сұңқар (SUNQAR) жылдамдық өлшегіш құрылғысы арқылы жасанды интеллект көмегімен көлік басқару кезінде қауіпсіздік белдігін тақпаған және ұялы телефонды пайдалану құқық бұзушылықтарына автоматты түрде айыппұл салу іске қосылды. Қызылорда облысы бойынша «Көмек-109» және «Көмек-112» автоматтандырылған ақпараттық жүйелері Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының бастамасымен республикамызда бірінші

қолға алынған жасанды интеллект функциялары бар «Цифрлық қадағалау» пилоттық жобасы өңірлерден бірінші болып біздің облыстан бастау алды. Аталған интеграция азаматтардың өтініштері мен шұғыл хабарламалар бойынша деректердің ашықтығын, бақылауын және ведомстваралық өзара іс-қимылды күшейтуге мүмкіндік береді. Облыс әкімі Мұрат Ерғешбаев Астанадағы «Alem AI» халықаралық жасанды интеллект орталығына және Астана Ахуалдық орталығына барып, оның жұмыстарымен танысты. Ол бірегей орталыққа арнайы барған облыс әкімдерінің алғашқысы. Сапар барысында цифрлық технологиялар мен жасанды интеллекттің өңірде енгізу, инновациялық жобаларды қолдау және Astana Smart City тәжірибесін пайдалану мәселелері талқыланды. Сондай-ақ, өңірде жасанды интеллект экожүйесін дамыту мақсатында 2026 жылдың соңына дейін Қызылорда қаласында «Alem AI» базасында IT-орталығын ашу жоспарлануда. Орталықта IT-стартаптарды дамытуға, жасанды интеллект бағытында мамандар даярлауға және жастардың цифрлық дағдыларын арттыруға жағдай жасалады. Мемлекет басшысының жарлығымен қабылданған ауқымды цифрландырудың және жасанды интеллект технологияларын жаппай ендірудің 2029 жылға дейінгі «Digital Qazaqstan» жалпыұлттық стратегиясының жобасы еліміздің цифрлық трансформациясының жаңа кезеңін айқындайтын маңызды стратегиялық құжат. Стратегияда мемлекеттік басқаруды цифрландыру, жасанды интеллект технологияларын енгізу, деректерге негізделген басқару моделін қалыптастыру, цифрлық инфрақұрылымды дамыту және адами капиталды нығайту бағыттары кешенді түрде қамтылған. Бұл өз кезегінде мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттыруға, мемлекеттік қызметтердің сапасын жақсартуға және экономиканың бәсекеге қабілеттілігін күшейтуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар Стратегияны іске асыру кезінде өңірлік ерекшеліктерге ерекше назар аудару қажет деп есептейміз. Өңірлердің цифрлық даму деңгейі, инфрақұрылымдық мүмкіндіктері, кадрлық әлеуеті және цифрлық жобаларды іске асыру тәжірибесі әртүрлі болғандықтан, өңірлік тәсілді күшейту маңызды. Осыған байланысты Стратегияда өңірлердің цифрлық жетілу деңгейін бағалайтын бірыңғай әдістемені әзірлеуді, өңірлік KPI көрсеткіштерін белгілеуді және цифрлық трансформация жөніндегі өңірлік жол карталарын қалыптастыру қажеттілігі бар. Сондай-ақ орталық мемлекеттік органдар мен жергілікті атқарушы органдар арасындағы өзара іс-қимыл тетіктері мен жауапкершілік шекараларын нақтылау орынды. Бұл стратегиялық бастамаларды іске асырудың тиімділігін арттырып, өңірлерде цифрлық жобаларды жүйелі жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

КӨРКЕЙГЕН КЕНТТІҢ БЕРЕКЕЛІ БЕЛЕСІ

Қызылорда қаласының іргесіндегі Белкөл кенті көпшілікке темір-жолшылар мекені ретінде жақсы таныс. Соңғы жылдары бұл елді мекеннің келбеті айтарлықтай өзгеріп келеді. Жаңарған көшелер, абаттандырылған қоғамдық орындар соның айқын дәлелі. Сондай-ақ кәсіпкерліктің көбеюі, әлеуметтік нысандардың жаңғыруы сынды серпінді өзгерістер тұрғылықты халықтың күнделікті өміріне оң ықпалын тигізіп отыр. Бұл жайында Белкөл кентінің әкімі Жасұлан Сәдуақасұлы ай шеңберінде атқарылған жұмыстар есебін баяндаған брифингте мәлім болды.

КЕНТТЕ МҮМКІНДІК КӨП

Бүгінде Белкөлдің жалпы жер көлемі 5378 гектарды құрайды. Оның құрамына Бірқазан мен Көкжиде елді мекендері кіреді. Қазіргі таңда мұнда 5025 адам тұрады деген ақпарат айтылды. Оның ішінде экономикалық белсенді халық саны 2428 адамды құрайды екен. Бұл тұрғыда өзін-өзі жұмыспен қамтығандар саны 339 тұрғынды құраса, ал ресми жұмыссыздар саны небәрі 8 адамға тең. Бұл көрсеткіш еңбек нарығындағы тұрақтылықтың сақталғанын аңғартады. Қай кезде де өңірдің даму деңгейін бағалайтын негізгі өлшемнің бірі жергілікті бюджеттің мүмкіндігіне байланысты болып келеді. Осы тұрғыдан алғанда Белкөлдің соңғы екі жылдағы көрсеткіштері көңіл қуантады.

Атап айтқанда, өткен жылы кенттің бюджеті бастапқыда 111,9 миллион теңге болып бекітіліп, жыл қорытындысында 322,1 миллион теңгеге дейін ұлғайған. Ал биылғы жылдың басында 123,5 миллион теңге көлемінде жоспарланған бюджет қазіргі таңда 475,5 миллион теңгеге жетіпті. Бұл – бірнеше жылдың ішіндегі ең жоғары көрсеткіштердің бірі. Бұл көрсеткіш жаңа әлеуметтік жобаларды жүзеге асыруға, инженерлік инфрақұрылымды жаңғыртуға және тұрғындардың тұрмыс сапасын арттыруға мүмкіндік беріп отыр.

Кентте салық түсімдері де тұрақты өсім көрсетуде. 2025 жылы жоспарланған 42 миллион теңгенің орнына бюджетке 53,9 миллион теңге түсіп, жоспар 128 пайызға орындалған. Ал биылғы жылдың алғашқы жартысында бюджетке 20,8 миллион теңге салық түскен.

Брифингте кенттегі әлеуметтік саланың әлеуеті, оның ішінде білім беру мен денсаулық сақтау саласының жай-жапсары жан-жақты баяндалды.

Кент әкімінің айтуынша, Белкөлдегі №145 және №189 мектептерінде бүгінде 879 оқушы білім алып жүр. Мемлекет саясатына сәйкес барлық бастауыш сынып оқушылары тегін ыстық тамақпен қамтылған. Осы орайда көп жылдан бері ата-аналарды алаңдатып келген №189 мектептің

жағдайы назардан тыс емес. Биыл бұл бағытта ғимараттың шатыры толық ауыстырылып, акт залы мен спорт залында жөндеу жүргізілді. Бұл білім саласына ғана емес, балалардың қауіпсіздігіне де оң әсер ететін маңызды қадам болып табылады.

Кенттегі мемлекеттік балабақшада 160 бүлдіршін тәрбиеленуде. Аталмыш бөбекжай 2020 жылы құрделі жөндеуден өткізіліп, бүгінде заман талабына сай қызмет көрсетіп келеді.

Сол сияқты денсаулық сақтау саласында да оң өзгерістер бар. Кенттегі мемлекеттік-жекеменшік әріптестік негізінде салынған дәрігерлік амбулатория тұрғындарға тәулік бойы сапалы алғашқы медициналық көмек көрсетуге мүмкіндік беріп отыр. Мұнда сегіз орындық күндізгі стационар жұмыс істейді. Ал Бірқазан ауылындағы медициналық бекет шалғайдағы тұрғындардың аудан орталығына сабылмай-ақ медициналық қызмет алуына жағдай жасаған.

Жалпы ауылдың әлеуметтік жағдайы артып, халықтың жайлы тұрмыс кешуіне барлық мүмкіндіктер қарастырылған.

РУХАНИ ДАМУДА ӨРТЕУ БАР

Кенттің қоғамдық өмірінде мәдениет саласының орны айрықша. Бүгінде Белкөл клубы жанынан жеті шығармашылық үйірме жұмыс істейді. Көркемсөз оқу, вокал, хор, дәстүрлі ән, домбыра, әжелер ансамблі сияқты үйірмелерге жүзден астам өнерпаз қатысады.

Брифинг барысында мәлім болғандай, соңғы бір жылдың өзінде ғана белкөлдік жастар халықаралық бесжәне республикалық жеті байқауда жүлделі орындарға ие болыпты. Бұл ауыл өнерпаздарының әлеуеті жоғары екенін көрсетеді. Сонымен қатар «Әл-Азиз» орталығында ән, би, қолөнер, математика және бастауыш білім беру бағытында бес үйірме жұмыс істеп, 150-ге жуық жасөспірім қосымша білім алып жүр.

Белкөлде бұқаралық спортты дамытуға да ерекше көңіл бөлінуде. Атап өтсек «Белкөл» спорт кешенінде үш жүзге жуық жас буын спорттың жеті түрімен тұрақты айналысады. Оның ішінде футбол, қаратэ, бокс, джиу-джитсу, еркін күрес, шахмат және үстел теннисі бойынша тәрбиеленушілер халықаралық және республикалық жарыстарда жүлделі орындардан көрініп келеді. Соңғы жылдары кенттен жаңадан футбол және спорт алаңдарының салынуы тұрғындардың бос уақытын тиімді ұйымдастыруға мүмкіндігін арттырып келеді.

Жыл сайын кентте өтетін Сәби Ернұр мен Алматы Айдарбекұлын еске алуға арналған турнирлер Белкөлдің

брендіне айналды. Бұл жарыстарға түрлі өңірлерден командалар қатысып, жастар арасында салауатты өмір салтын насихаттауға ықпал етуде.

КӘСІПКЕРЛІККЕ КЕДЕРГІ ЖОҚ

Белкөлде шағын және орта бизнес саласы қарқынды дамып келеді. Бұл тұрғыда бүгінде кентте 464 кәсіпкерлік субъектісі жұмыс істейді. Оның ішінде 42 жауапкершілігі шектеулі серіктестік, 399 дара кәсіпкер және 21 шаруа қожалығы бар.

Тек биылғы жылдың алғашқы жартысында ғана ауылда 79 жаңа кәсіпкер тіркеліп, көптеген тұрақты жұмыс орны ашылған. Осы ретте «Ауыл аманаты» бағдарламасы арқылы жалпы құны 36,1 миллион теңгені құрайтын төрт жоба қаржыландырылыпты. Соның нәтижесінде сүт өнімдерін өндіру, тігін цехы, жылқы және асыл тұқымды қой шаруашылығы бағытындағы кәсіп ашушыларға қолдау көрсетілген. Бұл жобалар тек жаңа жұмыс орындарын ашып қана қоймай, ауыл экономикасының өртарпақтануына да жол ашып отыр.

Сол сияқты кенттің көркін айқындайтын негізгі бағыттардың бірі инженерлік инфрақұрылым бойынша да ауыз толтырып айтарлықтай ілкімді істер көп.

Атап айтқанда, нақты уақытта №1, №11, №12 және №12А көпқабатты тұрғын үйлерге 150 миллион теңгеге ыстық су жүйесі тартылуда. Бұл жоба тұрғындардың көптен күткен мәселесінің шешілуіне жол ашады. Бұдан бөлек «Тағзым» алаңы жаңадан салынып, балалар ойын алаңы пайдалануға берілді. Сондай-ақ Сарыарқа, М.Есмаханов, Т.Абуов және Зелена өкшелеріне жалпы құны 94 миллион теңгені құрайтын заманауи жарықтандыру жүйесі орнатылған.

Қазіргі таңда ең ауқымды жобалардың бірі – орталық көшені қайта жаңғырту жұмыстарының қарқын алуы көпті қуанышқа бөледі. Жалпы құны 254 миллион теңгені құрайтын бұл жоба аясында жол кеңейтіліп, аяқсу жүйесі салынып, жаңа аялдамалар орнатылып, көше толық абаттандырылмақ. Бұл жұмыстар Белкөлдің сәулеттік келбетін бұрынғыдан да айшықтай түсетіні анық.

Тағы бір айта кететін мәселе - кентте әлеуметтік қолдау шаралары тұрақты жүргізілуде. Нақты айтқанда, жыл басынан бері Белкөлде аз қамтылған 39 отбасы демеушілердің көмегімен азық-түлік себеттерімен қамтамасыз етілген. Сонымен қатар атаулы әлеуметтік көмек ретінде 12,6 миллион теңгеден астам қаржы төленген. Сол сияқты азық-түлік бағасын тұрақтандыру бағытында да удайы жәрмеңкелер ұйымдастырылып, кәсіпкерлермен



меморандумдар жасалып тұрады.

Белкөлде коммуналдық қызмет сапасын жақсарту бағытында да бірқатар маңызды жұмыстар атқарылған. Осы ретте жылу орталығы толықтай сұйытылған газға көшіріліп, кент тұрғындары сапалы жылумен қамтамасыз етілуде. Ал ауызсу жүйесіне келсек, құбырлар толық жаңартылып, тұрғындар таза ауыз суды үздіксіз пайдаланып мүмкіндік алды.

ҚАУІПСІЗДІК ПЕН ТАЗАЛЫҚ – БАСТЫ ТАЛАП

Белкөл кентінде қоғамдық қауіпсіздік мәселесі де назардан тыс емес. Бұл ретте кентте бейнебақылау камералары орнатылып, учаскелік полиция инспекторлары тұрақты профилактикалық жұмыстар жүргізуде. Оның ішінде су айдындарындағы қауіпсіздік, өрттің алдын алу, көмектегі толмағандардың түнгі уақытта жүруіне жол бермеу бағытындағы рейдтер жүйелі түрде өткізіледі екен.

Сонымен бірге санитарлық тазалық жұмыстары тұрақты бақылауда тұр. Бұл тұрғыда «Таза Қазақстан» республикалық акциясы аясында көшелер тазартылып, ағаштар өктеліп, қоғамдық орындарды абаттандыруға баса мән беріліп тұрады.

Бұған дейін Белкөлдегі ең өзекті мәселелердің бірі тұрғын үй құрылысына арналған жер телімдеріне қатысты келіспеушіліктер жиі көрініс

тапқаны жасырын емес.

Қазіргі таңда 1308 азамат жер кезегінде тұр. Кенттің даму жоспары бойынша 150 гектар аумақта 500-ге жуық жер телімін беру көзделген. Алайда бұл үшін алдымен инженерлік инфрақұрылым толық жүргізілуі қажет. Бұл мәселе алдағы жылдары жергілікті атқарушы биліктің басты назарында болары анық.

Жалпы Белкөлдің бүгінгі тынысына қарасақ, кенттің дамуында жүйелілік бар екенін байқауға болады. Атап өтсек, бюджет көлемінің бірнеше есе ұлғаюы, әлеуметтік нысандардың жаңаруы, кәсіпкерліктің дамуы, мәдениет пен спорттың өркендеуі бағытындағы ауқымды жұмыстар тұрғындардың өмір сапасын арттыруға бағытталған нақты қадамдар десек қателеспейміз. Сонымен бірге тұрғын үйге жер беру, жаңа жұмыс орындарын көбейту, инфрақұрылымды толық жаңғырту сияқты міндеттер алдағы кезеңнің негізгі басымдығы болып қала береді.

Қорыта айтқанда Белкөлдің бүгінгі бет-бейнесінен тұрақты даму мен жүйелі өнекектің көрінісін байқауға болады. Ең бастысы, қолға алынған жобалардың нәтижесі тұрғындардың күнделікті тұрмысынан сезіліп тұр. Бұл – кемел келешекке қадам басқан берекелі елді мекеннің өркендеуін бағалайтын басты өлшем болса керек.

Е. ТАҒЫБЕРГЕН

Кітапхана



Мұхтар МАҒАУИН

Дәл осы шамада мен өзімнің қазақ болғанымға біржола ден қойдым. Ден қойғаным, сырттай ғана емес, іштей мойындағаным - өзім тұрған, тумаса да туғандай болған ауылдың мұратынан, өздерін қазақ деп атайтын көшпенді қырғыз-қайсақ жұртының тұрмыс-болмысынан бөтен ешқандай тілек қалмапты менде. Бар әлем, бар тіршілік осы киіз үйлермен, маңыраған қой, шұрқыраған жылқымен ғана шектелетін сияқты. Бұдан тыс ештеңе қызық емес, ештеңеге зауық жоқ; ат үстінен түспейтін болдым, жиын-той, ойын-сауықтан қалмайтын болдым, жүйрік таңдау, бәйге бабымен әуестене бастадым; әрине, тағдырласып кеткен туыстас дос-жаранмен танысып, араласып, етене жақындасқан ел жігіттерімен бірге қызды ауылдарды төңіректегеніміз, бозбалалық құрғанымыз айтпаса да түсінікті. Осының бәрі таң еді. Таңсық еді. Көшпенділер өмірінің өзгешелігі, менің сол өмірге біржола бет қойғаным емес. Мұншама барақат бұрын - өткен жылы, арғы, одан арғы жылы да болған. Таңсығы – бәрін жаңаша қабылдауым. Таңы - арттан, туған өлкеден жеткек тосын хабарға септ етпейүім. Өйткені бұл -Христос өлшемімен есептегенде 1917 жылы болатын. Наурыз туып, күн райы оңала бастаған кезде бұдан бірнеше апта бұрын соншама алыста - арсыдағы айдың ар жағы, күрсідегі жұлдыздың бер жағында, мен кеткен соң атына дейін бұзылған ескі Питерде император Николай Екіншінің тақтан тайғаны туралы хабар жеткен. Содан соң билікке уақытша өкімет келіпті. Одан кейін булығып, былығып, шат-шөлекей болып жатқан сияқты. Әрине, үлкен жаңалық. Бірақ... маған қатысы қанша? Өзімнің қазақ туыстарымнан артық таңырқағам жоқ. Зорлықтан ада, заңсыздықтан тыс, демократиялық негіздегі жаңа мемлекет... Ортасын қолдарынан келсе сол партиялар, патшаны тақтан құлатқан қайраткерлер. Мен демокра-тиялық қоғамда өмір сүргелі үш жыл. Маған салса, осы жазда елге келіп, ауылдағы үлкен-кіші азаматты тегіс жинап, бірнеше мәрте өңгіме өткізген, менің жат көрмегенімен, айтарлықтай іш тартпаған қысқа мұртты жас қазақтың сөзі мәндірек. Алаш баласы автономия алуы керек. Солай. Ол менің авто-номиям болмақ. Халықтың болашағы ғана емес, жеке адамдардың, яғни менің де тіршілігім осыған байланысты. Сондықтан әскер құрылса, қызметке әзір екенімді мәлімдедім. Жоқ. Мен соғыстан қашқан офицер емеспін. Мен сол революцияны жакындатқан жандар-дың бірімін. Бұрынғы ғұмырым солай. Ал қазір, кешелі-бүгін емес, неше жылдан бері осы даламен біте қайнас-тым. Стамбек Сыпатайұлы Дәулет-келдиев, ұлты қазақ, руы арғын, оның ішінде қарауыл, діні ислам, туған жері Қызылжар, жасы жиырма екіде, білімі университеттің екі жарым курсы, бойдақ... Өлбетте, заман үлкен өзгеріс алдында тұрғаны анық аңдалған. Әзірше үрей емес, белгісіздік қана. Жақсылықтан үміт мол. Ерекше қуанған біздің ауыл еді. Жазғы жайлауға көтерілмей тұрғанда-ақ Қызылжарға қайта көшу туралы ойластыра баста-ғамыз. Бірақ дәл билығы жылы ел ішінде тыныштық болмасы айқын еді. Билікке талас, партиялар арасындағы күрес, тағы басқадай беймәлім қатерлер өз алдына, герман соғысы аяқталмаған, қайта қыза түскендей, немістердің басымдығы танылғандай. Әкей менің биылша жайлы қоныстан қозғалмасақ деген сөзіме тоқтаған. Оның үстіне, осы жақында ғана, іргесін түріп орын берген, қонысы шектес Ақымбет баймен құда болғамыз, дүрбеленде оққа ұшып өлген кіші шешемізден туған қарындасым Айсал-қамды жаз ортасында, қан жайлауда ұзатпақ болып, құдай атымен уәде айтысып, құйрық-бауыр жесіп едік. Әкейдің бұдан басқа да түйгені көп сияқты. Соның бірі - мені үйлендіріп, келін түсіру. Көздеген жері де жоқ емес - таманың ел ұйтқысы болып отырған

жуандарының бірі Нұрымбет ауылы, бай-дың өзінің болмаса да, жақындарының бірінің қызын іліндірмек. Мен, әрине, бұл құдалықтың мән-мағынасын түсінем. Нұрымбет әулетінің қыздары қолаң, жібек шашты, ақ маңдай, қара көзді, денелері толымды, паң келеді, өлеңге, жырға қосылып жүрген сұлулар; бұл ауылда дос-жар жігіттерім де бар, бірақ менің көңілім басқада. Қаралы жеңгем Загира жасы жиырма беске жаңа толған, өте керікті әйел. Мен алғаш көргенде балауса бой-жеткен кейіпте, көзі үлкен, қасы қиық, төкап-пар, құбақап келіншек екен, өзіме аса биіктен, бірақ әуестене, мүсіркей қарағаны есімде қалыпты. Ұрғашыға көз

роман

САРЫ ҚАЗАҚ

салар сиқым болмаса да, түземдік арудың бұла көркіне сұқтанғам. Тумаса да туғандай ағамыз Сіләмбек мырзаның өзінен бірер жас үлкен, келіншек түскеніне де әжептәуір уақыт өткен, әйтсе де мүшесі бұзылмаған, еңі нұрлы, жүзі ашық, сүйікті зайыбы болып шықты, мені Сал-жігіт деп атайтын. Қымызы қорлы, шайы дәмді, жас та болса, ауылдағы барлық жұрттың анасындай мейірбан жеңгеміз. Енді міне, байы қазаға ұшырап, бауырындағы кішкене қызынан тағы айрылып, қаралы үйде тұл қалды. Күйеуінің жылы өткен соң жақын әменгерлерінің біріне берілмек сияқты. Ал маған жаңадан қыз айттырмақ. Бірақ мен ата салтын аттап кете алмадым. Салтты ғана емес. Иегі балғын, кірлігі отты Загира сұлуды қимадым. Ерте көктемде Сіләмбек мырзаның, онымен қатар шәйіт болған тағы қаншама боздақтың жылын өткергенбіз. Ат шаптырып, ас беруге жағдай жоқ, бірақ ағайындас, тамырлас тақау төңірек түгел шақырылған. Патша жарлығынан соң дүрліксе де дүрбелеңге ұшырамаған, қан көрмеген тама мен бағаналы, қуандықтың игі жақсылары, ер-азаматтары біздің күні кеше ғана қаншама қасірет шеккенімізді нық танығандай еді. Өлгенге иман, тіріге ғұмыр, дәулет тілесіп, бұрынғыдан да бауыр тартып аттанған. Қаралы ту жығылысымен-ақ өкем көптен күткенімдей, құдалық жайын айтқанда күлді бұрын әзірлеп қойған шешімімді білдірдім. Реніш-өкпемді жасырмағам. Туған әменгері тұрғанда қай қазақ жесірін сыртқа тебуші еді. Егер сіздің бел баланыз екенім рас болса, Загираға мені лайық көрсеніз, басқа қалауым жоқ дедім. Сыпатай мырза жадырап барып, қатты түнерді. Жадырағаны - бауырына салған ұлының адалдығына көзі жетті, өрі қимай жүрген келіні үлес-енші, үй-орманымен өз ошағында қалады. Түнергені ат жалында табысқан ағайынмен туысу қиындады - Нұрымбет әулеті кішілікке қыз бермейді. Шал аз-маз үнсіз отырып, оқыс қызарған. Ақталған. Әрине, солай. Тек беті ашылмаған бала болған соң, есік көрмеген тектіге қол артпақ. Маған Загирадан артық сұлудың да, тектінің де керегі жоқ дедім. Әкей бұдан арғы сөз айтпады. Енді жалғыз-ақ кілтипан қалыпты. Загираның өзінің ризашы-лығын сұрау керек. Достұр-салт солай екен. Әрине, марқұмның туған інісі ретінде менің хақым жоғары, бірақ бұл шаура - әйел қалауынан тыс шешілімеуге тиіс, жесір, әрине, оның да ықылас-келісімі бойынша, ұнатқан әменгеріне шығуға ерікті. Тұл жеңгем менің талабымды естігенде қатты таңыр-қапты. Содан соң елтеп жылап алған сияқты. Жылап отырып бас изеген. Тек бір шарты бар. Менің сүндетке отыруым керек... Міне шатақ! Араға жүрген жеңгеміз күліп айтқанмен, ырымын жасаса болды, ош-оңай деп көңіл жұбатқанмен, өте ауыр хабар. Мәселе операцияда емес. Әрине, балалардың сүндеттелгенін талай көргем, өте күрделі және ешқандай хирургиялық аспап, қажетті дәрі-дәрмексіз, тым жабайы тәсілмен жасалады. Мәселе онда емес. Шыдармын, тірі қалармын деп ойлаймын. Бар кілтипан еркектік намыста. Сыртыман болса да бүкіл ауыл күлмей ме. Бала бәлиғатқа толмақ түгілі, әртүрлі жағдаймен сәби, өскін кезеңін өткеріп алса, жиырма бірдеңе жас емес, оннан асса сәлекет. Араға жүрген жеңгемізге қазақ жігіттерінің салтымен шәйі оралам сыйлайдым. “Жеңеше, тіпті ешқандай бөгеті жоқ, - дегем. - Күнбатыстағы барлық жұрт сүндет дегеннің не екенін білмейді. Бірақ әйелдері риза, балаларын тауып жатыр...” Жеңешем сақылдап тұрып күлді. “Мүмкін соның өзі қызық шығар, -

деген. - Мәселе онда емес. Мәселе мұсылмандықта!” Мен қуанып кеттім. “Жеңеше, мұсылман болғанда мендей болсын,- дедім. - Лә илаһа илла Алла, Мұхамед расул Алла! Құдай бір, пайғамбар хақ. Ағузыны қазір аңыратып берейін. Ал сүндет деген... Жасым өтіп кетті ғой, қансырап өліп кетсем, қайын сіңлің екінші қайтара тұл қалмай ма...” “Жарайды, - деді жеңешем, аузын баса қыстығып, тағы біраз күліп алып. -Жесіріңді көндірем. Қалған жұртқа аз-маз өтірік айтуға тура келеді”. Сылқым жеңгей ертеңіне сүйінші сұрап келіп, күміс сақина киді. Өзім де молда болып кеттім дейді. Шарифат бойынша, бәлиғатқа толған еркек дінге кірсе, сүндет парыз емес деген қисын таптық. Теріс болса, құдай күнәмізді көшіре жатар. Ал қалған жұрт сенің алғашқы келген кезде, оңаша, жылқыда жүргенде сүндетке отырғаныңды біледі екен...

Арада оншақты күн өткенде Загира екеуіміздің некеміз қиылды. Сөйтіп, мен көшпенділердің сонау, мезгілсіз қазасы мол жаугершілік заманнан келе жатқан, шанырақ құтын бұзбас тамаша салтының арқасында сұлу құшып қана

сіңсем де, орыс дворянымын, менің де ұлттық, отаншылдық сезімдерім оянған. Бірақ әуелде, қанды 18-жылдың алғашқы жартысында мүмкіндік аз, жер тар болды. Одан соң бүкіл Россияның жоғарғы әміршісінен үлкен үміт күткен едім - көп ұзамай көңілім қалды. Ниеті түзу болғанымен, қолданған тәсілдері парықсыз еді. Қатап демейін, парықсыз. Әрине, мен қазақ ауылына, Сыпатай шаңырағына берік байланғам. Бірақ жақын жерде Колчак құрамалары емес, Ерікті армия тұрса, ештеңеге қарамай, қатардағы солдат ретінде қолыма винтовка алар едім. Егер миллиондаған отандастарымның қанымен жуылған Оңтүстік Орыс жазығында шәйіт болмасам, Новороссйск түбінде немесе Перекопта тыным табуым анық-ты. Және кейінгі азапты, азап емес, жан шырқырап, рух жаншылған масқара қорлықтың бірін көрмей, армансыз өлетін едім. Бұдан соңғы жерде мен өзімнің жеке басымның қайғысын ғана тартқам жоқ, кіші ұлт - езілген отар ұлттың ешқандай құқығы жоқ, панасыз, дәрменсіз сорлы перзенті ретінде күн кешуіме тура келді.

Тағдырдың мазағын қараңыз. Мен өзімді революционер-террорист санадым. Россиядағы түбегейлі өзгеріс жолындағы күреске жас өмірімді бағыштадым. Осы тараптағы аз-маз істерім үшін қаторғаға айдалдым. Енді міне, сол революция! Сіз тілегеннен он есе серпінді, жүз есе қуатты бүлік! Қоғамды, мемлекетті қайта құру үшін күреспек қайда - сол іріп-шіріген, барлық халық үшін, ең алдымен орыс халқы үшін қалас болған жамау-құрау державаны сақтап қалу жолында шайқасып жатқан, кеше ғана өзің алты атардың қарауылына іліндіре алмаған патша генералдарымен тілектес болып шықтың, солардың туы астында, тым құрса, қатардағы жауынгер ретінде соғысып, қанға тұншығып өлуге қолың жетпей қалды!.. Кейін білдім, бұл - маған бұйыруы мүмкін нәсіптің ең жеңілі екен.

Үш жүз жылдан бері құмыра түбінде булығып жатқан жың босанып, жарыққа шықты. Құтырына жайнап, қирата тапап, жарты дүниені қанға бөктіріп, таққа жетті. Ең қара пияғыға, соқыр сезім, дүлей күшке тізгін берген, өздерін социал-демократ, социал-революционер деп атайтын солақай күштер жеңіске жетті. Ең ақырында, кешегі одақтастарын түгел шетке шығарып, үйреншікті тәсілмен бар билікті қолына алған большевиктердің диктатурасы орнады. Бұлардың оттан да, судан да, мыс құбырдан да, тіпті, Сібір мен Тозақтан да өткен тасшайнар көсемдерінің өздері ойлап тапқан, өздері иеленген аттары ғажайып еді. Ең үлкенінің - бар бүліктің ұйтқысы, бар қырсықтың мәйегі болған жаңа Робеспьер-Нечаевтың есімінен кеңдік, мейірбандық, молшылық лебі ессе, одан кейінгілері - бірі темір, бірі тас, ақыл, парасат, қасиет - Россиядағы неше жүз жылдық дворян тұқымдарының, дворян тұқымын айтасыз, мың жылдық Юрий әулетінің бұрынғы-соңғы барлық фамлияларынан айбынды естілетін өзгеше есімшелер: Ленин, Троцкий, Каменев, Бухарин, Рыков, Сталин, Дзержинский, Луначарский, Урицкий, Менжинский... Россияны, империя құрамындағы барлық халықты, «бүкіл жер жүзі еңбекшілерін” жаңа жолға бастамақ, бақытқа жеткізбек көсемдеріміз “толық интернационал” - әртүрлі ұлт өкілдері тәрізді, жер шалғай, қайсысының не істеп жатқанын нақты қадағалауға мүмкіндік жоқ, бірақ аты-жөндерінің ұқсастығындай, бері де бір атыздың жемісі тәрізді. Есімдері жасанды болғанмен, істері көрнекі - құдайдың медиен түкпірінде жатқан, адамзатқа деген қияли өшпенділігі жоқ, тонаушылықты қасиет санаған сырқат моральдан таза, «таптық бітіспес қайшылықтан” ада, аңғал да бейғам халық ортасында отырып-ақ зұлматтың бар ызғарын айқын сезіндім.

Соғыс бітті, Қызыл комиссарлар ел ішінде жаңа тәртіп орнатуға кірісті. Террор басталды. Алдымен, бес жүз жыл бойы империяның тірегі болып келген казактар сословие ретінде жойылды: қырқыса қатысқаны бар, қатыспағаны бар - бас көтерер еркек тегіс оққа шалынған. Содан соң бүлікке дайындық кезінде айдау мен қаторғаны бірге өткерген, төңкеріс күндерінде қатар шайқасқан социал - революционерлер заңнан тыс деп жарияланып, партия ретінде асталалды - ең үлкен көсем-дерінен бастап, қатардағы мүшесіне дейін тегіс түрмеге жабылған. Одан кейін кешегі езуші тап өкілдері - неше ғасыр бойы еңбекшілердің қанын сорып, Россияны ұлы держава дәрежесіне жеткізген, әлемдік өредегі мәдениет жасаған ежелгі әулет өкілдері еңбек түзеу, жаңаша тәрбиелеу лагерьлеріне - социалистік қаналдар мен құрылыстарға жөнелтілді. Бұл екі ортада, ел ішінде қалған, күні кеше ғана Ақ қозғалысқа

қатысқан, қатысуы ықтимал, немесе қатыса жаздаған жат элементтер әшкереленіп, яғни, қылпуы шалынған жерде ұсталып, терген-тексеріліп, сотталып, атылып жатты. Бұл реткі тазарту шарасы маған да қатысты болып шықты. Сарысудағы тама арасында аты-жөнін өзгертіп, қазақша киінген ақтың офицері жасырынып жүр деген хабар сонау Ақмолаға жетіпті. Арнайы әскер шыққан жоқ, бірақ ел әкімдері - заманы өткен Ақымбет пен Нұрымбет емес, кешегі жалшы, малшы, бүгінгі болыс-бі Жалбағайлар мен Жақыбайлар кәдімгі-дей тергеу жүргізген. Ақтар қайда, мен қайда, патша тақтан құламай тұрғанда осы өңірге келгенімді, ешқайда шықпағанымды бүкіл ел біледі, өздері де біледі, бірақ қаншама күәдан айғақ алынды, қаншама қағаз толтырылды. Ақыры, сол неше қадақ қағазбен, арнайы жолбасшымен Ақмолаға аттануға жарлық берген; таза болсам, сондағы нағыз большевиктердің алдында ақталып шығуым керек екен. Мына хикая қаншама қызық көрінгенімен, жол жүруге ықыласым шамалы еді, бірақ әкей ат ерледі, қоржынның екі басын азыққа толтырды, қасыма екі жігіт қосты, ертенді күтпей, сол күні-ақ тұн жамылып шығып кеттік. Үш-ақ қонып Сарысудың етегіне түскеміз. Арада ай өтпей, қалған ауыл да артымыздан жетті. Біздің Қызылжарға қайту туралы жоспарымыз тағы да мөлшерсіз мезгілге шегерілді. Халқы мол, қатынасы жақсы, яғни, әкімшілік күшінде тұрған аймақта менің аман жүре алмасым мағлұм болған. Бір кезде мен жаңа туыстарым үшін отанымнан аулақтасам, енді мен үшін бүкіл Сыпатай әулеті жұртынан безді. Бұл - жиырма екінші жыл еді. Рас, кейінірек әуелгі отыз үй түгелімен ескі қонысқа қайыра көшті де, Сарысуда біз ғана қалдық, бірақ өкем жалғыз еді болса да тауқыметті менімен бірге бөлісетін еді. Әрине, риза-хош айтысып, мойын бұрылған жаққа кетуіме болатын, мүмкін, мың шақырымдап жол жүріп, шет елге өтудің де сәті түсер, бәлкім, Сібірдің не Қиыр Шығыстың бір түкпірінде, қалың орыс ішінде бой тасалаудың жөні табылар, әйтпесе, анық ақиқаты да сол - арада ай өтпей-ақ қызыл шенгелге ілініп, басымды жоярмын - қартты рулы елінен бөлініп, далада қалдырғаннан да өзімді құрбанға шалуға бейім едім. Бірақ амал не, өлде бақыт, өлде сор - Сыпатай мырзаның көңілінде көлеңке жоқ, асық жілік ұстап, туған ұл атанған, оң жақтағы жесір келінімен некесі қиылған Стамбек ат тізгінін аулаққа бұрса, бұл - ақсақал үшін өлімімен тең болар еді, менің өзімше ізгі әрекетім ақыл-есі түзу кез-келген қазақ үшін әдепке қайшы, санаға сыйымсыз, адамгершілікке жат іс танылар еді. Әрине, өз ауылымда, өз шаңырағымда, ақ-адал қосағымның қасында қала бердім. Мен үшін, біздің ауыл, бүкіл тама үшін ғана емес, бар қазақ үшін тыныштық заман орнады. Азаған уақытқа. Самалдай желпіп өте шыққан, бірақ қызығы бүкіл ғұмырға жетерлік бес жыл. Қазақтардың тілімен айтқанда, тұсаудың кеңіп, арқаның ұзарған бір кезі. Кең қоныстағы бұла жұрт қалың тамаға қыл бұрау әлі түспеген. Елмен бірге Сарысуды бойлап, көштік те жүрдік. Жалпы жұрт ес жиды. Жаңа өкімет күш жиып жатыр екен. Одан хабарымыз жоқ; бар болса да дәл сондай дәрежеде жүргізіледі деп кім ойламақ. Ел еркіндікке жаңа шыққандай. Ойын-сауық Думан-мереке. Жадырамас қысан жоқ. Қара бұлт төнді - айықты. Тыпырлап барып кейінгі өкімет те сабасына түседі. Құл жиылып бас болмас. Әуелде көкке қолы жеткендей өкірендеген парықсыз Жалбағай мен сауатсыз Жақыбай Ақымбет пен Нұрымбеттің қолжаулығына айналған. Бай - бай қалпында, Жарлы төңірінің қолтығында. Қазақтың бар дәулеті баяғыша, құрығында тұрған.

Ел ежелгі салтымен жүріп жатты. Осылы бола береді деп ойлады. Мен де көңілдегі алаң азайып, орманды өлкеге деген сағыныш сөйліп, арғы бабамның тозған жұртына біржола сіңісіп, барақат күн кешкем. Бұрынғы отандастарым - орыс қана емес, бүкіл батыс жұртының тіршілік-салты соншама қолайсыз, жасанды, ауыр көрінді. Бұрынғы өмірім - нәресте, сәби кезім емес, ес білген өскін кезім емес, оң-солды таныдым, ақиқат жол таптым деп ойлаған жеткін шағым - қазір атымен қоса сән-салтанат, мән-мағынасынан да айрылған байтағмыз - көне Питерде өткен күндер соншалық тұрпайы, жабайы кейіптенді. Бұдан бес жүз жыл бұрын Ордадан қаққан атамның ең соңғы аманатын арқапал жүргендей сезіндім өзімді. Түр-тұлғам, іс-қимыл, ой-әрекетімің бәрі өзгерген, Тек түсім ғана. Ол да уақытша сияқты. Мен ақтың қашқын офицері ретінде бой тасалап жүрген кезде тар дүниеге келген ұлымыз Дәулет көп жасамады, көне көш жолында, ескі қорымда қалды. Одан соңғы, сағындырып туған кішкентай қызым Жансалқам - қара-көз аққұба. Тек шашында жирен рең бар. Мұндай кейіпті қазақтар көп кездеседі, бөтен нәсіл деп ешкім ойламас еді. Мінеки, орыс орманына сіңген бидай өңді бабам тәрізді, мен де жүсанда далаға жайылып бара жатқан сияқтымын.

(Жалғасы бар)

Сұрағым бар...

ГРАНТ ИЕГЕРЛЕРІ ҚҰЖАТТЫ ҚАЛАЙ ТАПСЫРАДЫ?

Грант ұтып алу — университетке автоматты түрде қабылдандыңыздегенсөземес. ГрантбекітілгенЖОО-ғақұжат тапсыру үшін алдымен грант туралы ақпаратты тексеріңіз. Өзіңізге қай ЖОО-ға және қай білім беру бағдарламасына грант берілгенін анықтаңыз. Сол университеттің қабылдау комиссиясына немесе eGov арқылы өтініш беріп, қажетті құжаттарды тапсыру керек. Қабылдау туралы хабарламаны алу керек.

Университет талап ететін жағдайда құжаттардың түпнұсқаларын көрсетіп, білім беру қызметтерін көрсету туралы шартқа қол қою керек.

ГРАНТҚА ІЛІКПЕГЕНДЕР АҚЫЛЫ БӨЛІМГЕ ҚАЛАЙ ТҮСЕДІ?

Грант алмаған талапкердің де университетке түсу мүмкіндігі бар. Негізгі жолы – ақылы бөлімге түсу.

Ол үшін таңдаған университеттің қабылдау комиссиясына жүгіну керек немесе eGov арқылы құжат тапсыруға болады.

2026 жылы ақылы негізде оқуға құжат қабылдау 25 тамызға дейін жүргізіледі.

Бастысы ҰБТ-дан ұлттық ЖОО-ға – кемінде 65 балл, ал «педагогикалық ғылымдар» білім беру саласы бойынша кемінде 75 балл, «денсаулық сақтау» білім беру саласы бойынша кемінде 70 балл, «ауыл шаруашылығы және биоресурстар», «ветеринария» білім беру салалары бойынша кемінде 50 балл және «құдық» даярлау бағыты бойынша кемінде 75 балл жинау керек.

Кәмелетке толмаған абитуриенттер құжатты ата-анасының немесе қамқоршысының қатысуымен ғана тапсыра алады, өйткені білім беру қызметін көрсету туралы шартқа қол қою қажет.

Құжат қабылдау аяқталғаннан кейін таңдалған мамандықты немесе университетті өзгерту мүмкін болмайды.

Ақылы негізде оқуға түсу кезінде екі данада білім беру қызметін көрсету туралы шарт жасалады.

Шетелдік аттестатпен келген талапкерлерге нострификация (аттестатты тану) құжаты және оның қазақ немесе орыс тіліне нотариалды куәландырылған аудармасы қажет болады.

Биыл жаңадан құрылған және білім беру қызметімен айналысуға арналған лицензия немесе лицензияға қосымшаны алған ұлттық ЖОО-ға кемінде 50 балл, ал «педагогикалық ғылымдар» білім беру саласы бойынша кемінде 75 балл, «денсаулық сақтау» білім беру саласы бойынша кемінде 70 балл, «құдық» даярлау бағыты бойынша кемінде 75 балл; Басқа ЖОЖ-ға кемінде 50 балл, ал «педагогикалық ғылымдар» білім беру саласы бойынша кемінде 75 балл, «денсаулық сақтау» білім беру саласы бойынша кемінде 70 балл және «құқық» даярлау бағыты бойынша кемінде 75 балл жинаған талапкерлер ақылы бөлімге жіберіледі.

Бұл ретте ҰБТ-ның Қазақстан тарихы және екі бейіндік пәндері бойынша және (немесе) шығармашылық емтиханнан

МЕКТЕП ФОРМАСЫ ТАЛАБЫ ҚАНДАЙ?

Мектеп формасы негізі клас-сикалық стильде, үш түстен аспайтын бірыңғай үйлесімділікте қалыпты, көзге тиім түспейтін түстерде болуы керек. Үш түстен артық түсті аралас-тыруға болмайды.

Мектеп формасы оқушының жас ерекшелігіне, климатқа, сабақ ететін орынға және мектеп ғимаратындағы температураға сай болуы тиіс.

Сонымен қатар мектеп формасына мектепке тән эмблема, шеврон және басқа белгілерді орналастыруға болады.

Мектеп формасының үш түрі бар. Бірінші сабаққа күн сайын киетін күнделікті форма;

Салтанатты жиындар мен мере-келік шараларға арналған мерекелік форма;

Дене шынықтыру сабақтарына арналған спорттық формасы.

Мектеп формасын мектеп өзі белгілемейді.

Оны бекітуге және өзгертуге ата-аналар, заңды өкілдер, ата-аналар комитеті, қамқоршылық кеңес, мектептің өзін-өзі басқару мүше-лері қатысады.

Мектеп басшысы форманы әр оқу жылының 25 мамырына дейін бекітуге тиіс.

МЕКТЕП ФОРМАСЫН АЛУҒА ӘЛЕУМЕТТІК ЖАҒДАЙЫ ТӨМЕН ОТБАСЫЛАРҒА КӨМЕК БАР МА?

Әлеуметтік осал отбасылардың балаларына мектеп формасы, аяқ киім және оқу құралдарын сатып алуға мемлекет көмектеседі.

2026-2027 оқу жылында, шамамен, 450 мың балаға мектепке керек-жарақ өперу жоспарланған. Оған жергілікті бюджеттерден шамамен 23 млрд. теңге қарастырылған.

Мемлекеттік органдар шектеу шараларын енгізген, төтенше жағдай немесе әлеуметтік, табиғи, техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар, форс-мажор туындаған кезде ата-аналар баласын мектепке іскерлік, классикалық стильдегі ыңғайлы киіммен жібере алады.

Төтенше жағдай аяқталғаннан кейін әдепкі формаға көшеді.

ОҚУШЫ СӨМКЕСІ ҚАНДАЙ БОЛУЫ КЕРЕК?

Денсаулық сақтау министрлігі хабарламасы бойынша бос сөмкенің салмағы 1 келіден аспағаны дұрыс. Ал оған оқу құралдары салғаннан кейінге салмағы баланың дене салмағының 10%-ынан аспағаны жөн.

Мысалы, баланың салмағы 30 келі болса, кітаптары мен дәптерлері салынған рюкзак 3 келіден ауыр болмауы керек.

Сөмке жеңіл, баланың бойына сай және арқасына ыңғайлы болуы керек. Ол иыққа артық күш түсірмей, белден тым төмен салбырап тұрмағаны жөн.

кемінде 5 балл, ал оқу сауаттылығы мен математикалық сауаттылықтан кемінде 3 балл алу қажет.

ЖОО-ҒА ӨТІНІШТІ ҚАЛАЙ БЕРУГЕ БОЛАДЫ?

Грант иегерлері және ақылы оқытындар 25 тамызға дейін құжаттарды оқу орнына тапсырып үлгеруі керек. Оны онлайн тапсырса да болады. eGov-та жоғары білім беру бағдарламалары бойынша құжат қабылдау қызметі бар,

Онлайн өтінішке электрондық цифрлық қолтаңба немесе SMS-пароль арқылы қол қоюға болады. SMS-парольмен қол қою үшін мобильді азаматтар базасында тіркелу қажет.

Онлайн тапсыру үшін EGov порталы арқылы өтініш жасаған кезде ЭЦҚ қол қойылған электрондық құжат нысанындағы өтініш, 3x4 көлеміндегі цифрлық фото, ҰБТ сертификаты, 075-У нысанындағы медициналық анықтама, білім беру грантын беру туралы электрондық куәлік қажет.

Жеке басын куәландыратын құжатты, жалпы орта, техникалық және кәсіптік білімі туралы мәліметтерді, медициналық анықтама, ҰБТ электрондық сертификаты және білім беру грантын беру туралы электрондық куәлік (ақпараттық жүйелерде болған жағдайда) көрсетілетін қызметті беруші «электрондық үкімет» шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден ақпараттық жүйе арқылы алуға болады.

Кейін «жеке кабинетте» ЖОО-ға қабылдау үшін құжаттардың қабылдағаны туралы хабарлама келеді. Хабарламаны алғаннан кейін 25 тамызға дейін құжаттардың түпнұсқасын ЖОО қабылдау комиссиясына ұсыну қажет.

ЖОО-ға тікелей барып құжат тапсырғанда ЖОО басшысының атына еркін нысандағы өтініш, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі немесе жоғары білімі туралы құжат (төлнұсқа), жеке басын куәландыратын құжат немесе цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжат (жеке басын сәжікестендіру үшін қажет), 3 x 4 сантиметр көлеміндегі 6 фотосурет, 075/е нысаны бойынша медициналық анықтама, ҰБТ сертификаты, шығармашылық, «педагогикалық ғылымдар» және «денсаулық сақтау» білім беру салалары бойынша жоғары білімнің білім беру бағдарламаларына түсушілер үшін сертификат, білім беру грантын тағайындау туралы куәлік (болған жағдайда), ер балаларға әскери билет немесе тіркеу куәлігінің көшірмесі, талапкердің тегі өзгерген жағдайда неке туралы куәліктің көшірмесі, жеңілдікке немесе квотаға құқығы бар талапкерлерге оны растайтын құжаттар (мысалы, мүгедектігі бар адамдар, жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар үшін), колледж түлектері үшін мамандығы бойынша кемінде бір жылдық жұмыс өтілін растайтын құжат (болған жағдайда) қажет.

Көптеген университет құжаттарды екі форматта (қағаз және электрондық (PDF) түрінде) талап етеді, сондықтан құжаттарды алдын- ала сканерлеп қойған қолайлы.

Бұл құжаттар ақылы негізде оқу үшін де жарамды. Құжаттарды тапсырған соң қабылдау комиссиясы құжат қабылданғаны туралы қолхат береді.

ЖАТАҚХАНАҒА ҚАЛАЙ ОРНАЛАСУҒА БОЛАДЫ?

Жатақхана қажет болса, ЖОО-да оқуға құжат тапсырған кезде бірден өтініш жазу керек.

Жатақханадан орын беруде бірінші курс студенттеріне басымдық беріледі. Талапкерлердің әлеуметтік жағдайы ескеріледі. Бірінші кезекте жатақхана жетімдерге, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, сондай-ақ мүгедектігі бар талапкерлерге беріледі.

Одан кейін орындар Қазақстан азаматтығы жоқ ұлты қазақтарға, қандастарға, көп балалы және толық емес отбасыдан шыққандарға, шалғай аймақтан келгендерге бөлінеді.

АҚЫЛЫ ОҚУДАН ГРАНТҚА АУЫСУҒА БОЛАДЫ МА?

Әдетте игерілмеген гранттар қаңтар айында қайтадан үлестіріледі. Себебі, кей талапкерлер жеңіп алған грантынан бас тартуы мүмкін немесе ҰБТ тапсыру кезінде заң бұзушылық жасағаны анықталып, тест нәтижесі жойылуы мүмкін. Мұндай жағдайда грант тізім бойынша ҰБТ-да жинаған ұпай санына сәйкес келесі талапкерге беріледі.

Сонымен қатар ақылы оқуға түсіп, GPA, яғни оқу үлгерімі жақсы болса, оқу семестрі кезінде босаған бос грантты ұтып алуға болады.

БАЛАЛАРДЫ ИНТЕРНЕТ-АЛАЯҚТАРДАН ҚАЛАЙ ҚОРҒАУҒА БОЛАДЫ?

Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі ескертеді: жазғы демалыс кезінде балалар интернет-алаяқтардың нысанасына айналады. Оқушылардың желіде көп уақыт өткізетінін пайдаланып, қаскүнемдер ата-аналардың жеке деректері мен ақшалай қаражатына қол жеткізу үшін түрлі алдау схемаларын қолданады.

Қазіргі алаяқтар мобильді ойын-дарды, әлеуметтік желілерді, мессенд-жерлердіжәнебейнеплатформаларды белсенді пайдаланады, балаларға тегін бонустар, ойын заттарын, сыйлықтар, конкурстарға қатысуды немесе оңай табыс көзін ұсынады. Мұндай әрекеттердің басты мақсаты – банктік деректерге, аккаунттарға немесе құрылғыларға қол жеткізу.

Ең көп тараған алаяқтық схемалар:

Жалған ұтыстар мен сыйлық-тар. Балаға ұтып алған жүлде туралы хабарланады және оны алу үшін сілтеме бойынша өтуді немесе банк картасының деректерін енгізуді ұсынады.

Таныстардан келіп түсетін жалған хабарлар. Алаяқтар өздерін достары, туыстары немесе танымал блогерлер ретінде таныстырып, баланы ақша аударуға, растау кодтарын хабарлауға немесе басқа әрекеттерді жасауға сендіреді.

Зиянды ойындар мен қосым-шалар. Балаларға ойындарды жеңіл-дікпен, жарнамасыз немесе қосымша мүмкіндіктермен жүктеу ұсынылады. Мұндай бағдарламаларда құрылғыға және құпия ақпаратқа қол жеткізуге мүмкіндік беретін бағдарламалық қамтылым болуы мүмкін.

Күдікті сілтемелер мен сайт-тар. Ойын платформалары, онлайн-дүкендер немесе сервистер түрінде алаяқтар дербес деректер мен төлем карталарының деректемелерін жинау үшін жалған парақтар жасайды.

ЦИФРЛЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ СЕРВИСТЕРДІ ПАЙДАЛАНҒАНДА ӨЗІҢІЗДІ ҚАЛАЙ ҚОРҒАУҒА БОЛАДЫ?

Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі қаржы секторының киберқауіпсіздігін нығайту және қаржы қызметтерін тұтынушылардың құқықтарын қорғау жөніндегі жұмысты жалғастыруда.

Қаржы нарығының қорғалу деңгейін арттыру үшін Агенттік 2026 жылғы 12 шілдеден бастап қаржы нарығының барлық қатысушылары үшін міндетті ақпараттық қауіпсіздік бойынша ең төменгі талаптарды енгізді. Банктер үшін кибертәуекелдерді басқаруды, оқыс оқиғаларға ден қою қызметтерінің жұмыс істеуін, ақпараттық жүйелер жұмысының үздіксіздігін қамтамасыз етуді, сондай-ақ ақпараттық қауіпсіздік аудитін және кіруге тестілеуді ұдайы жүргізуді қоса алғанда, қатаң талаптар көзделген.

Талаптардың сақталуын бақылау есептілікті, қашықтықтан және тәуекелге бағдарланған тексерулерді талдау арқылы жүзеге асырылады. Бақылау іс-шараларының нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жоюға және ақпараттық қауіпсіздік деңгейін арттыруға бағытталған қадағалап ден қою шаралары қолданылады.

Бұл ретте алаяқтықтан қорғауда қаржылық қызметтерді пайдаланушылардың өздері маңызды рөл атқарады.

Цифрлық қаржылық сервистерді пайдалану кезінде өзіңізді қорғау үшін бірқатар ережелерді сақтаңыз:

банктік қолданбаларды тек ресми қолданбалар дүкендерінен орнатыңыз және оларды уақтылы жаңартыңыз;

күдікті хабарлардағы сілтемелерге кірменіз және дербес деректерді енгізер алдында сайттардың мекенжайларын мұқият тексеріңіз;

белгісіз тұлғалардың нұсқауы бойынша ақша аударымдарын жасамаңыз және қысыммен немесе асығыстықпен қаржылық шешімдер қабылдамаңыз;

жария етілген белгісіз Wi-Fi желілері арқылы банк операцияларын жүргізбеңіз; күрделі құпия сөздерді, вирусқа қарсы бағдарламалық қамтамасыз етуді және екі факторылы аутентификацияны пайдаланыңыз;

PIN-кодтарды, растау кодтарын, CVV-кодты және басқа да банк карталарының деректерін ешкімге айтпаңыз;

операциялар бойынша хабарламаларды қосыңыз және шоттар бойынша қаражаттар қозғалысын ұдайы тексеріңіз.

Маңызды: егер біреу телефон арқылы, мессенджер немесе әлеуметтік желілер арқылы тез арада ақша аударуды, растау кодын хабарлауды, қолданбаны орнатуды немесе құрылғыға қол жеткізуді талап етсе, мұндай жағдайды әлеуетті алаяқтық деп қарастыру керек. Ақпаратты ұйымның ресми байланыс арналары арқылы міндетті түрде қайта тексеру қажет.

“АҚЖАРМАЛЫҚТАРДЫҢ” АТҚАРЫП ЖАТҚАНЫ АУҚЫМДЫ

Қызылорда қаласына қарасты “Ақжарма” ауылдық округінде жыл басынан бері әлеуметтік-экономикалық дамуды қамтамасыз ету, халықты жұмыспен қамту, кәсіпкерлікті қолдау, ауыл шаруашылығын өркендету және елді мекеннің инфрақұрылымын жаңғырту бағытында ауқымды жұмыстар атқарылуда. Ауылдың тұрмыс сапасын жақсартуға бағытталған нақты жобалар мен бастамалар кезең-кезеңімен жүзеге асып, елді мекеннің әлеуметтік әлеуетін арттыруға жол ашып отыр.

Бұл туралы “Ақжарма” ауылдық округінің әкімі С.Өбдіреев жыл басынан бергі атқарылған жұмыстар мен алдағы міндеттерді саралаған брифинг барысында мәлімдеді.

АУЫЛДЫҢ ДАМУ ҚАРҚЫНЫ АЙҚЫН

Жалпы бүгінгі таңда ауылдың даму қарқынын айқындайтын негізгі мәселе тұрғындардың тұрақты табысын қалыптастырумен қатар, елді мекеннің инженерлік және әлеуметтік инфрақұрылымын заман талабына сай жетілдіру болып табылады. Осы тұрғыдан алғанда “Ақжармада” жүзеге асырылып жатқан жұмыстардың өзара сабақтастығы маңыздылығымен құнды.

Қазіргі таңда округте 2400 адам тұрады. Оның 1091-і экономикалық белсенді халық санатына жатса, 520 тұрғын өзін-өзі жұмыспен қамтып отыр.Брифинг барысында ауыл тұрғындарын тұрақты жұмыспен қамтуға ерекше мән беріліп отырғаны айтылды. Атап айтқанда, жыл басынан бері 7 адам тұрақты жұмысқа орналасса, «Қоғамдық жұмыс» бағдарламасы аясында 19 тұрғын ақылы қоғамдық жұмысқа тартылған.

2026 жылға “Ақжарма” ауылдық округінің бюджеті 215,7 млн. теңге көлемінде бекітілген.Алты айдың қорытындысы бойынша бюджеттен 148,7 млн. теңге игеріліп, жоспар 68,9 пайызға орындалған.

Сонымен қатар салықтық түсімдер бойынша да жоспарлы жұмыстар жүргізілуде. Бұл тұрғыда биылғы жылға салық түсімдері 10 млн. теңге көлемінде жоспарланса,бірінші жартыжылдықта 7,3 млн. теңге түсіп, жоспар 72,9 пайызға орындалыпты.Бұл көрсеткіштер ауылдың кіріс базасын қалыптастыруда белгілі бір ілгерілеу бар екенін көрсетеді.

АУЫЛДЫ ҚОЛДАУ ОРТАЙМАЙДЫ

Нақты кезеңде ауылдық округте 55 шағын кәсіпкерлік субъектісі тіркелген. Оның ішінде 36 дара кәсіпкер, 14 шаруа қожалығы және 5 заңды тұлға жұмыс жасайды.

Брифингте кәсіпкерлік саласындағы мемлекеттік бағдарламалардың ауыл тұрғындары үшін жаңа мүмкіндік беріп отырғаны айтылды. Оның ішінде жыл басынан бері кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде бір жоба мақұлданған. Атап айтқанда «Ауыл аманаты» бағдарламасының пилоттық жобасы аясында 9,5 млн. теңгенің жобасы қолдау тауып, асыл тұқымды мүйізді ірі қара өсіруге бағытталыпты.

Мұны ауыл шаруашылығы бағытындағы кәсіпкерлікті дамытуға жасалған нақты қадам деп бағалауға лайық. Алдағы уақытта мұндай жобалардың қатарын көбейту, тұрғындарды жеңілдетілген қаржы тетіктеріне тарту және жаңа жұмыс орындарын ашуға мүмкіндік беретін бастамаларға басымдық беру көзделіп отыр.

Негізінен ауылдағы кәсіпкерліктің дамуы тек жеке кәсіп иесінің табысын арттырып қоймайды. Ол жұмыс орындарын көбейтіп, салық түсімін ұлғайтуға және жергілікті экономиканың айналымын арттыруға ықпал етеді. Бұл тұрғыда ақжармалықтардың атқарып жатқан жұмысы ауқымды.

Сонымен қатар ауылда әлеуметтік осал топтарға тұрақты қолдау көрсету шаралары назардан тыс қалған емес. Атап айтқанда, 2026 жылдың 1 шілдесіне дейін Ақжарма ауылдық округіндегі 17 отбасына, яғни, 101 адамға 4 млн. 564,6 мың теңге көлемінде атаулы әлеуметтік көмек тағайындалған.

Ауыл әкімдігі тарапынан жүйелі түрде жүргізілген жұмыстар нәтижесінде әлеуметтік көмек алушылар санының жыл сайын азайып келе жатқаны атап өтілді. Бұл азаматтарды тұрақты жұмыспен қамту және түрлі мемлекеттік бағдарламаларға тартудың нақты көрсеткіші десек қателеспейміз.

Сондай-ақ ауылда қайырымдылық шаралары да жүйелі түрде ұйымдастырылып келеді. Бұл тұрғыда 8 наурыз мерекесінде ауылдағы Батыр аналарға және әйелдер қауымына сыйлықтар мен гүл шоқтары табысталса, 22 наурызда «Армысың, өз Наурыз» атты мерекелік шара ұйымдастырылып, киіз үйлер тігіліп, ұлттық ойындар өткізіліп, тұрғындарға түрлі тағамдар ұсынылыпты. Сол сияқты Рамазан айы мен Құрбан айт мерекесіне орай демеушілер тарапынан 19 отбасыға ет және азық-түлік себеттері таратылған.Ал 1 маусым – Балаларды қорғау күніне орай «Балаларға қуаныш сыйлайық» атты қайырымдылық шарасы өткізіліпті. Соның негізінде ауыл кәсіпкерлерінің қолдауымен әлеуметтік осал топтағы отбасылардың балаларына және ерекше балаларға ойыншықтар беріліп, 500 балмұздақ таратылған. Бұған қоса мектеп жанындағы жазғы тынығу лагеріне екі ауылдан 60 оқушы қатысып, ыстық тамақпен қамтамасыз етілуде екен.

Қазіргі таңда ақжармалықтарға екі орта мектеп, бір жекеменшік балабақша, Мәдениет үйі, екі кітапхана және бір дәрігерлік

амбулатория қызмет көрсетеді.

Мәліметке сәйкес мәдениет үйінде 15 қызметкер еңбек етіп, 5 бағыт бойынша үйірме жұмыс істейді. Атап айтқанда, «Сыр Орда» вокалды-аспапты ансамблі, «Сәулем-ай» әжелер ансамблі, «Өуен-ән», «Көркем сөз оқу», «Мерей» би және «Қолөнер мол – өнер» үйірмелері ауыл тұрғындарының мәдени сұранысын өтеуге үлес қосып отыр. Ал ауылдағы №9 және №10 кітапханалардағы 35 941 кітап қоры 1355 тұрғынның рухани азығына айналып тұр.

Бұған қоса денсаулық сақтау бағытында “Баймұрат” батыр елді мекеніндегі медициналық амбулатория тұрғындарға алғашқы медициналық көмек көрсетіп, қажетті дәрі-дәрмектермен қамтамасыз ету жұмыстарын жүргізуде екен.

ЕГІНЖАЙДАН ЕҢБЕК ЛЕБІ ЕСЕДІ

“Ақжарма” ауылдық округінің экономикасында ауыл шаруашылығы маңызды орын алады.

Биылғы науқанға округте 945 гектар жерге күріш дақылы егілген. Бұған қоса 100 гектарға жаңа жоңышқа, 590 гектарға ескі жоңышқа орналастырылыпты.Қазіргі таңда ауылда егін шаруашылығымен 8 шаруа қожалығы айналысады.

Ал мал шаруашылығы бойынша округте 2067 бас мал тіркелген. Оның 1659-ы мүйізді ірі қара болса, 34-і қой, 222-сі ешкі, 152-сі жылқы тұқымы болып табылады. Жалпы ауылда саланы өркендетудегі басты міндет – ауыл шаруашылығы өндірісінің тұрақтылығын қамтамасыз ету, мал басын көбейту, шаруалардың табысын арттыру және ауыл шаруашылығы өнімдерінің көлемін ұлғайту.

Сол сияқты ауыл инфрақұрылымын дамыту бойынша да бірқатар жоба іске асырылды. Атап өтсек, «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы шеңберінде “Баймұрат батыр” және “Талдыарал” ауылдарында ұзындығы 3,15 шақырым болатын бес көшеге жаяу жүргіншілер жолын салуға 69,8 млн. теңге бөлінпті. Жоспарлы жұмысты «Ақнұр Авто» ЖШС атқарып, жоба толық орындалған. Сонымен қатар “Баймұрат батыр” ауылындағы балалар ойын алаңына да көңіл бөлінген. Оған 4,3 млн. теңге көлемінде ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілген.

Сол сияқты инфрақұрылымдық жобалардың қатарында “Талдыарал” елді мекеніндегі су тарату насос станциясының құрылысы ерекше орын алады. Аталмыш жобаның жалпы құны 656,9 млн. теңге құрайды.

Қазіргі таңда алғашқы кезеңге облыстық бюджеттен 64 млн. теңге бөлініп, құрылыс жұмыстары басталған.Бұл жоба “Талдыарал” тұрғындарын сумен қамтамасыз ету мәселесін шешуге бағытталған маңызды нысандардың бірі ретінде жоғары маңызға ие.

Брифингте алдағы уақытта атқарылатын жұмыстар да сараланды. Оның ішінде “Баймұрат батыр” ауылындағы екі көшеге ұзындығы 0,9 шақырым жаңа асфальт жол салу және ұзындығы 1,2 шақырым болатын бір көшені қайта жаңғырту бойынша жобалық-сметалық құжаттама әзірленген. Жобаға тиісті қаржы бөлу үшін қалалық бюджетке ұсыныс жолданыпты.

Сонымен қатар “Баймұрат батыр” ауылына аяқ су жеткізу мақсатында науа, яғни лоток жүйесін салуға арналған 182 млн теңгенің жобалық-сметалық құжаттамасы әзірленіп, сараптамадан өткен. Жобаны қаржыландыру үшін республикалық бюджетке өтінім ұсынылған.Ал алдағы міндеттердің қатарында үш көшеге ұзындығы 1,7 шақырым орташа жөндеу жүргізу жобасы бар. Жобаның құны 61,5 млн. теңге құрап отыр.

Ауылда спорттық инфрақұрылымды дамыту жұмыстары сәтті жүзеге асырылып келеді. Бүгінде демеушілік негізінде жабық спорт кешенін салу үшін жобалық-сметалыққұжаттама әзірленуде екен. Сол сияқты “Талдыаралдағы” Т.Қоңырбаев көшесінің соңына түнгі көше жарығын орнату жоспарда тұрғаны мәлім болды. Бұған қоса ауылды көгалдандыру мақсатында алма бағын отырғызу, көшелерге көшет егу, оларды шарбақтау және абаттандыру жұмыстары жүргізілмек.

Ауылдың ауыл шаруашылығы саласы үшін аяқ сужүйесінің маңызы зор. Осыған байланысты ауылға аяқ су жеткізу үшін диаметрі 500 миллиметр болатын насос алу жоспарланып отыр екен.

Негізінен “Ақжарма” ауылдық округінде жылдың алғашқы алты айында атқарылған жұмыстардың ауқымы бірқатар бағытты қамтиды. Нақты айтқанда жұмыспен қамту, кәсіпкерлік, әлеуметтік қолдау, ауыл шаруашылығы, мәдениет, жол, су және абаттандыру мәселелері қатар қарастырылған.

Дей тұрғанмен ауылдың дамуы тек атқарылған жұмыстардың санымен өлшенбейді. Алдағы кезеңде басталған жобаларды сапалы аяқтау және жоспарланған жұмыстарға қаржы көзін табуміндетіне басымдық жоғары. Өсіресе су мәселесінің шешілуі, жол сапасының жақсаруы, тұрақты жұмыс орындарының көбеюі және кәсіпкерлік жобалардың артуы ауылдың әлеуметтік-экономикалық жағдайына тікелей ықпал етіп тұр.

Жалпы алты айдың қорытындысы “Ақжармада” қозғалыс бар екенін көрсетеді. Ендігі меже осы қарқынды сақтап, қолға алынған жобаларды тұрғындардың күнделікті өмірінен көрінетін нақты нәтижеге айналдыру міндеті тұр. Ауылдың алдағы кезеңдегі тұрмысы да осы өлшеммен бағаланатынына сенім зор.

Е. ТАҒЫБЕРГЕНҰЛЫ

ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖИНАҚТАРЫ – ӨЗ БАҚЫЛАУЫҢЫЗДА:

БЖЗҚ салымшыларының инвестициялық мүмкіндіктері кеңейтілуде

2026 жылғы 7 қыркүйектен бастап Қазақстан Республикасы Әлеуметтік кодексіне енгізілген өзгерістер күшіне енеді. Бұл өзгерістер БЖЗҚ салымшыларының зейнетақы жинақтарын басқару стратегиялары мен инвестициялық портфельдерді өз бетінше таңдау құқықтарын едәуір кеңейтеді. Енді салымшылар өздерінің зейнетақы жинақтарының 100%-ына дейін инвестициялық портфельді басқарушылардың (ИПБ) сенімгерлік басқаруына бере алады.

Жаңашылдықтардың мақсаты – ең қолайлы инвестициялық стратегиясы мен табыстылық тарихы бар ИПБ-ны таңдау арқылы жинақтарды басқарудың ұзақ мерзімді кірістілігін арттыру.

Міндетті зейнетақы жарналарының (МЗЖ) және ерікті зейнетақы жарналарының (ЕЗЖ) салымшылары, сондай-ақ пайдасына міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (МКЗЖ) мен ЕЗЖ аударылатын жеке тұлғалар сенімгерлік басқаруға берілетін зейнетақы жинақтарының көлемін өз бетінше айқындауға, бір немесе бірнеше ИПБ-ны, сондай-ақ өздерінің қаржылық мақсаттарына сәйкес бір немесе бірнеше инвестициялық портфельді таңдауға мүмкіндік алады.

Таңдау мүмкіндігі арта түседі

Заңнамаға сәйкес әрбір ИПБ салымшыларға тәуекел деңгейі, инвестициялар құрылымы және инвестициялау мерзімі бойынша ерекшеленетін инвестициялық портфельдердің үш түріне дейін (консервативті, теңгерімді және тәуекелі жоғары) ұсына алады. Үш түрлі портфельдің болуы инвестицияларды салымшының жасына және жеке мүдделеріне қарай бейімдеуге мүмкіндік береді. Ал жинақтарды бірнеше ИПБ арасында бөлу құқығы олардың табыстылығының ауытқуына тәуелділікті азайтады.

ИПБ-ның инвестициялық портфельдерін қалыптастыруға қойылатын талаптарды Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі (ҚНҰРДА) айқындайды.

Барлық ақпарат – бір платформада

Салымшыларға қолайлы болу үшін БЖЗҚ зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруға қатысты негізгі ақпаратты біріктіретін invest.enpf.kz бірыңғай ақпараттық интернет-платформасын іске қосады. Платформа табыстылық туралы ақпаратқа ыңғайлы өрік қрылымдалған қолжетімділікті қамтамасыз етеді, белгіленген кезеңдер бойынша әртүрлі басқарушылардың (ҚР Ұлттық Банкі мен ИПБ-лардың) басқаруындағы инвестициялық портфельдердің көрсеткіштерін динамикада салыстыруға мүмкіндік береді.

Салымшы инвестициялық портфельдерді бағалап, өзінің мүддесі мен инвестициялық мақсаттарына сәйкес басқарушыны және оның инвестициялық стратегияларын дербес таңдай алады.

Зейнетақы жинақтарын сенімгерлік басқаруға қалай беруге болады?

Зейнетақы жинақтарын сенімгерлік басқаруға беру үшін салымшы зейнетақы активтерін басқаруға рұқсат етілген инвестициялық портфельді басқарушылардың (ИПБ) тізілімінен басқарушы компанияны таңдауы және өтініш беруі қажет. (Толық ақпарат БЖЗҚ сайтындағы «Қызметтер – Сенімгерлік басқаруға аудару – Инвестициялық портфельді басқарушылар тізілімі» бөлімінде орналастырылған.)

Өтінішті:

- enpf.kz сайтындағы жеке кабинет арқылы (элек- трондық цифрлық қолтаңбаны пайдалана отырып);
- жеке басын куәландыратын құжатты ұсыну арқылы БЖЗҚ-ның кез келген бөлімшесінде беруге болады.

Зейнетақы жинақтарының бір бөлігін ИПБ-ға беру, бір ИПБ-дан екіншісіне ауыстыру немесе жинақтарды ИПБ-дан Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің (ҚРҰБ) басқаруына қайтару бойынша қадамдық нұсқаулық мына сілтеме бойынша орналастырылған: https://www.enpf.kz/kz/services/Invest/22218/.

Өтініштің орындалу мәртебесін БЖЗҚ сайтындағы немесе мобильді қосымшасындағы жеке кабинеттен («Өтініштер» бөлімі) қадағалауға болады. Өтініштерді қабылдау және өңдеу үдерісі толық автоматтандырылған. Зейнетақы жинақтарын ИПБ-ның сенімгерлік басқаруына беру өтініш келіп түскен күннен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде БЖЗҚ арқылы жүзеге асырылады. Бұл ретте зейнетақы жинақтарын бір ИПБ-дан екіншісіне ауыстыруға немесе оларды Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің басқаруына қайтаруға жинақтар инвестициялық портфельді басқарушының сенімгерлік басқаруына берілген күннен бастап кемінде бір жыл өткеннен кейін ғана рұқсат беріледі.

ОҢАЛТУ РӘСІМДЕРІ

Арыздан басталып, сауы-ғуға дейін: Неліктен оңалту (реабилитация) рәсімінен қорықпау керек?

Бизнесте бәрі әдепкіде әдемі басталады: жоспарлар, инвес-тициялар, үлкен үміттер. Бірақ нарықтық құбылыстар мен қаржылық тығырықтар кейде ең қайсар кәсіпкердің өзін тығырыққа тіреп жатады. Серіктестердің төлемді қашқыруы, шикізаттың қымбаттауы немесе өзге де сыртқы факторлар салдарынан банктер мен салық органдары шоттарды бұғаттай бастағанда, көбіне кәсіпкерлер үрейге бой алдырып: «Бәрі бітті, компанияны жауып, банкроттыққа арыз беремін» деген шешімге келеді.

Алайда, асығыс шешім қабылдаудың қажеті жоқ. Қазақстан заңнамасында компанияның аяқ-қа тұрып кетуге әлеуеті болған жағдайда қолданылатын тиімді құрал — **оңалту (реабилитация)** рәсімі бар. Мұны банкроттықтың басы деп қателеспеу керек. Бұл — мемлекет пен заң тарапынан тығырыққа тірелген бизнеске берілетін екінші мүмкіндік, нақты «құтқару белдігі».

Оңалту не береді?

«Оңалту және банкроттық туралы» Қазақстан Республикасы-ның Заңы мен Жоғарғы Соттың

практикасын зерделей келе, оңалту рәсімі сот арқылы бекітілген бойда компанияның тынысы кеңейіп сала беретінін көруге болады:

Мораторий — басты артық-шылық. Сот оңалтуды бастау туралы шешім шығарған күннен бастап кредиторлардың қыспағы тоқтайды. Өсімшұлдар, тұрақсыздық айыптары мен пайыздардың есептелуі уақытша тоқтатылады.

Бұғаттаудан босау. Барлық сот орындаушыларыныңшектеулерімен шоттардағы бұғаттар жойылады. Кәсіпорын қайтадан жұмыс істеп, ақша айналымын жүргізе алады.

Міндеттемелерді қайта қарау. Кәсіпорын арнайы Оңалту жоспарын құрады. Қарыздарды бірден емес, белгіленген кесте бойынша бөліп төлеуге мүмкіндік алады.

Заңдағы соңғы өзгерістер мен сот практикасы не дейді?

Бұл саладағы соңғы заңнамалық жаңалықтар мен Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты-ның «Оңалту және банкроттық туралы заңнаманы қолдану практикасы туралы» Нормативтік қаулысы аясындағы сот практикасы бұл процесті барынша ашық әрі әділ етуге бағытталған:

«Жалған оңалтуға» тосқауыл: Бұрын кейбір тұлғалар салықтан қашу немесе уақыт созу мақсатында оңалтуды теріс

пайдалануға тырысатын. Соңғы өзгерістер бойынша бұл тетіктер қатаңдатылды. Егер компанияның тек салықтық қарызы ғана болып, басқа нақты бизнесі мен оны сауықтыру мүмкіндігі болмаса, оңалтуға жол берілмейді.

Талаптың орындалуын бақылау: Жоғарғы Соттың түсіндірмелеріне сәйкес, қазір оңалту жоспарының орындалуы өте қатаң тексеріледі. Егер компания бекітілген жоспарды орындамай, кредиторларды ал-дай бастаса, сот кредиторлар жиналысының өтініші бойынша оңалтуды тоқтатып, кәсіпорынды банкрот деп тану туралы шешім қабылдайды. Сонымен қатар, уақытша және оңалтуды басқарушылардың жауапкершілігі де арттырылды.

Түйін: Егер сіздің де бизнесіңіз қаржылық қиындыққа тап болса, бірден ұтылғаныңызды мойындауға асықпаңыз. Заң аясында беріл-ген оңалту мүмкіндігін дұрыс пайдаланған абзал. Дұрыс құрыл-ған оңалту жоспары мен ашық жүргізілген процесс — бұл жай қағаз емес, бизнестің қайта жандануына берілетін сенімді мүмкіндік.

С.С.УМАРСИРИКОВА
Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы

